*«Jusan Bank» АҚ Басқармасымен*
*(2024 жылғы «04» шілдедегі № 66-24 хаттамасы)*
*«Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесімен*
*(2024 жылғы «18» шілдедегі № 18/07/24-01 шешімі)*
*бекітілді*

*өзгерістер мен толықтырулар*
*«Jusan Bank» АҚ Басқармасымен*
*(2024 жылғы «24» қазандаі № 108-24 хаттамасы)*
*«Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесімен*
*(2024 жылғы «05» қарашада № 05/11/24-01 шешімі)*
*бекітілді*

# БИЗНЕС-КЛИЕНТТЕРДІҢ БАНКТІК САЛЫМ ШАРТЫ

Осы Бизнес-клиенттердің банктік салым шарты (бұдан әрі — Шарт) «First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі — Банк) тарапынан (төменде анықталғандай) бизнес-клиенттердің салым бойынша операцияларын жүргізу шарттары мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ, Тараптардың (төменде анықталғандай) құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және Тараптардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасасылатын қосылу шарты болып табылады, Клиент оның шарттарын Шартқа қосылу туралы өтініштің негізінде жалпы Шартқа қосылу арқылы ғана қабылдай алады. Бұл ретте, Шарт және оған қосылу туралы өтініш бірыңғай құжат ретінде ғана қарастырылады. Шарттың мәтінінде өзгесі тікелей көрсетілмеген жағдайда, Шарт мәтіні бойынша «Шарт» ретінде Шарт және оған қосылу туралы өтініш бірге түсініледі.

Шарт келесідей құжаттарды:

– Банк Басқармасымен (11.03.2022 жылғы № 32-22 хаттамасы) және Банктің Директорлар кеңесімен (30.03.2022 жылғы № 30/03/22-01 хаттамасы) бекітілген Банктік салым шарты;

– Банк Басқармасымен (11.02.2021 жылғы № 20-21 хаттамасы) және Банктің Директорлар кеңесімен (05.03.2021 жылғы № 05/03/21-01 хаттамасы) бекітілген Заңды тұлғаның (оның филиалдары және өкілдіктері), жеке кәсіпкердің «Тұрғын үй» шартты банктік салым шарты;

– Банк Басқармасымен (16.07.2020 жылғы № 96-20 хаттамасы) және Банктің Директорлар кеңесімен (20.08.2020 жылғы № 20/08/20-01 хаттамасы) бекітілген «Депозит-Гарантия» салымы бойынша жинақ ақша шотын ашу және Салымшы-Кепілзат беруші құқықтарының кепілі туралы шарт,

аталмыш шарттардың талаптарына сәйкес Клиенттерге жіберілген хабарламаларда белгіленген күндерден бастап алмастырады. Банктің салымдар бойынша операцияларды жүргізу ерекшеліктерін және тәртібін анықтайтын, салымның ұсынылуына байланысты Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, Банк пен Клиенттің арасындағы құқықтық қарым-қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейтін шарттар белгіленген күннен бастап Шартпен реттеледі.

## 1. ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕР

1.1. **аутентификациялау** – Банк белгілеген қауіпсіздік рәсімін пайдалану арқылы электронды құжаттың түпнұсқалығын және құрастырылу дұрыстығын растау.

1.2. **Бизнес-клиент (мәтін бойынша – Клиент)** – Шарттың негізінде Банкте Шот ашқан, жаңадан құрылатын заңды тұлғаның құрылтайшылары/бастамасы бойынша саяси партия құрылатын жеке тұлғалар уәкілеттік берген заңды тұлға (заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшелерін (филиалды, өкілдікті) қоса ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан), шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік, жеке кәсіпкер, шаруа (фермерлік) қожалығы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жеке практикамен айналысатын тұлға (адвокат, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор), жеке тұлға.

1.3. **Салым** – бірінші талап бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін Клиентке алдын ала келістірілген үстемемен немесе онсыз толығымен немесе ішінара қайтарылуы тиіс болуына қарамастан Клиент Банкке оларды атаулы өрнегімен қайтару шарттарында беретін ақша. Қайтару шарттарына қарай Салымдар келесідей түрлерге бөлінеді:

- **мерзімдік салым** – талаптың Банкке түсуі мезетінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей Клиент Салымды мерзімінен бұрын ішінара және (немесе) толығымен қайтару құқығына ие болатын, белгілі бір мерзімге салынған Салым;

- **жинақ салымы** – талаптың Банкке түсуі мезетінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен ерте емес Клиент Салымды мерзімінен бұрын толығымен қайтару құқығына ие болатын, белгілі бір мерзімге салынған Салым;
- **шартты салым** – Шартта анықталған мән-жайлар орын алмағанша дейін салынған Салым;
- **талап етілгенге дейінгі салым** – Клиенттің бірінші талабы бойынша оған толығымен немесе ішінара қайтарылатын банктік салым.

1.4. **үзінді** – белгілі бір кезең ішіндегі Шот бойынша кредиттік/дебеттік операцияларды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де ақпаратты қамтып көрсететін, Банк тарапынан қағаз тасымалдағышында немесе (Қашықтықтағы қызмет көрсету арналары арқылы) электронды түрде ұсынылатын операциялар жөніндегі есеп. Үзінді хабарламаланың бір түрі және Шот бойынша операциялар жүргізілгенінің жеткілікті дәлелі болып табылады. Операциялар үзіндіде көрсетілген күнде жүргізілді деп есептеледі.

1.5. **динамикалық сәйкестендіру** — Бір реттік (біржолғы) кодты пайдалану арқылы электронды банк қызметтерін алу құқығын нақты растау мақсатындағы Клиенттің жеке басын анықтау рәсімі.

1.6. **Кепіл ұстаушы** – Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес I санаттағы нысандарды пайдалану немесе жер қойнауын пайдалану салдарларын жою жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі ретінде Банкте ашылған Салымды («Жер қойнауы» шартты салымын) Клиент кепілге берген мемлекеттік орган тұлғасындағы Қазақстан Республикасы.

1.7. **Қосылу туралы өтініш** – Банктің қалауы бойынша келесідей тәсілдердің біреуі арқылы Клиент қол қойған өтініш: қағаз тасымалдағышындағы Клиенттің (оның өкілінің) өз қолы, Клиенттің ЭЦҚ пайдаланумен «Интернет-банкинг» жүйесі немесе динамикалық сәйкестендіру арқылы, және де электронды банк қызметтерін көрсету жайындағы шарты қарастырылған банктік қызмет көрсету шартымен немесе электронды банк қызметтерін ұсыну туралы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге қорғаныс әрекеттерінің элементтері арқылы. Банк және Клиент туралы мәлімет Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

1.8. **сәйкестендіру** – электронды банк қызметтерін алу құқығын нақты растау мақсатындағы Клиенттің жеке басын анықтау рәсімі.

1.9. **Банктің Интернет-ресурсы** – www.jusan.kz мекенжайы бойынша немесе сілтемесі www.jusan.kz сайтында Банктің ресми Интернет-ресурсы ретінде көрсетілген өзге мекенжай бойынша орналасқан Интернет-ресурс (сайт).

1.10. **Байланыс арнасы** – Клиент пен Банктің арасындағы ақпаратты беру құралдарының бірі: электронды пошта (email), SMS-хабарламалар, пошта байланысы, телефон байланысы, Мобильді қосымша, «Интернет-банкинг» жүйесі, Push-хабарламалар, телебанкинг, телефон, банкомат, POS-терминал, терминал, Банк бөлімшесі, Банктің Интернет-ресурсы, Интернет-бөлімше және Клиент туралы мәліметтердің негізінде сәйкестендіруі қарастырылған өзге де Интернет-ресурстар.

1.11. **Корпорация** – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ.

1.12. **Алынып тасталды**.

1.13. **Кредиттік шарт** – Клиент пен Корпорацияның арасында жасасылған кредиттік шарт.

1.14. **ДСЖЖ** – қызметтерді пайдалану кезінде Клиенттің сауалы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен құрылатын электронды цифрлық таңбалардың бірегей реттілігі болып келетін Банктің динамикалық сәйкестендіру жүйесінің бір реттік коды.

1.15. **ҚДКПҚ**— «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ.

1.16. **«Интернет-банкинг» жүйесінің мобильді қосымшасы (мәтін бойынша – Мобильді қосымша)** – «Интернет-банкинг» жүйесінде жұмыс істеу үшін Пайдаланушының мобильді құрылғысында орнатылған, мобильді құрылғы арқылы электронды банк қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндігін беретін қосымша.

1.17. **Мән-жай** – Клиенттің Салымды қайтару туралы жазбаша өтінішімен Клиент берген Салымды («Жер қойнауы» шартты салымын) Клиентке қайтару жайындағы Кепіл ұстаушының жазбаша келісімі/рұқсаты.

1.18. **Бір реттік (біржолғы) код** – Клиентке электронды банк қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндігін беру кезінде бір рет пайдаланылуға арналған электронды цифрлық таңбалардың бірегей реттілігі. Бір реттік (біржолғы) код SMS-хабарлама немесе Push-хабарлама немесе дербес электронды пошта мекенжайына жіберілген хабарлама түріндегі динамикалық сәйкестендіру арқылы Клиенттің электронды банк қызметтерін алуы мақсатында Клиент Банкке Банк өз бетімен

анықтайтын тәсілдермен берген және Банктің жүйелерінде тіркелетін Клиенттің (оның өкілінің) мобильді (ұялы) телефон нөміріне жіберіледі.

1.19. **операциялық күн** – барысында Банк Клиенттерге операциялық қызмет көрсететін, соның ішінде банк шоттарын ашатын, жабатын, Клиенттерден ақшаны аудару нұсқауларын және осындай нұсқауларды тоқтата тұру немесе қайта шақырту туралы өкімдерін қабылдайтын, олардың пайдасына ақша аударымдарының жүзеге асырылуына байланысты оларға хабарламаларды жіберетін, Клиенттермен жұмыс істеу кестесін белгілейтін, Банктің ішкі құжаттарымен анықталған уақыт кезеңі.

1.20. **Құпиясөз** – Қашықтықтағы қызмет көрсету арналарында Банкке жіберілетін сауалдарды және құжаттарды аутентификациялау, Клиентті сәйкестендіру үшін арналған және тағайындалған құпиясөз сәйкестендіргішімен байланысқан таңбалардың реттілігі.

1.20-1. **ТКҰТС** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен ұсталатын табыс салығы;

1.21. **КЖ/ТҚҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл — Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын орындау кезінде Банк тарапынан қабылданатын шаралардың жиынтығы.

1.22. **Пайдаланушы** – «Интернет-банкинг» жүйесіне қосылған және Клиент «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы Клиенттің Шотына (Шоттарына) иелік ету уәкілеттігін берген тұлға.

1.23. **өкіл** – сенімхаттың немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін өзге құжаттың негізінде Клиент атынан әрекет ететін Клиенттің уәкілетті тұлғасы.

1.24. **Санкциялық режимдер** – қандай да бір халықаралық ұйым, шет мемлекеттің үкіметі немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органы енгізген және саудалық, қаржылық, банктік операциялардың (солардың ішінде төлемдердің және (немесе) аударымдардың) және (немесе) өзге операциялардың/мәмілелердің жүргізілуіне, солардың ішінде санкциялар белгіленген нақты жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, мемлекеттердің/аумақтардың және (немесе) олардың резиденттерінің қатысуымен жүзеге асырылатын операциялардың/мәмілелердің **(бұдан әрі бірлесіп — операциялар/мәмілелер)** жүргізілуіне толығымен немесе ішінара тыйым салынуын қарастыратын мәжбүрлеу шаралары/шектеулері/тыйымдары. Санкциялық режимдердің әрекеті Клиентке, оның операцияларына/мәмілелеріне, Операция қатысушыларына, Клиентпен байланысқан тұлғаға, тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге, шығармашылық-зияткерлік қызметтің объектіге айналған нәтижелеріне, солардың ішінде, мұнымен шектелмей, технологияларға, бағдарламалық жасақтамаға, жабдыққа және өзге де мүлікке қатысты қолданылу мүмкін және Клиенттің, Операция қатысушыларының, Клиентпен байланысқан тұлғаның, Операция қатысушыларының бенефициарлық меншік иелерінің және (немесе) бақылаушы тұлғаларының тіркелген және (немесе) орналасқан мемлекетіне және (немесе) операция/мәміле жүргізілетін мемлекетке/аумаққа және операцияны/мәмілені жүргізу кезінде қолданыстағы өзге де ықтимал шектеулерге және бар/әлеуетті шектеулерге және (немесе) тыйымдарға байланысты болу мүмкін.

1.25. Санкциялық тізімдер – Санкциялық режимдер енгізілген жеке және заңды тұлғаларды, ұйымдарды, мемлекеттерді/аумақтарды қамтитын субъектілердің тізбесі.

1.26. **Клиентпен байланысқан тұлға** – Клиентпен байланысқан тұлға, соның ішінде бенефициарлық меншік иесі/уәкілетті өкіл/акционер/қатысушы/құрылтайшы/лауазымды тұлға/өзге уәкілетті тұлғалар/бақылаушы тұлғалар, бас, еншілес және қауымдасқан ұйым, Клиентпен, соның ішінде шарттық қарым-қатынастар негізінде байланысқан өзге тұлға.

1.27. **«Интернет-банкинг» жүйесі** – Клиенттің Банк бөлімшесіне барып-келуін қажет етпейтін Клиенттерге электронды банктік қызмет көрсету жүйесі. Шот (Шоттар) «Интернет» желісі арқылы «Online» нақты уақыт режимінде басқарылады.

1.28. **жинақ шоты (мәтін бойынша – Шот)** – келесідей әрекеттерге байланысты операцияларды жүргізу мақсатында Шарттың негізінде Банк Клиентке ашатын банк шоты:

- банктің Клиентке тиесілі ақшаның болуын қамтамасыз етуі және оны пайдалануы;
- Клиенттен немесе үшінші тұлғалардан ұлттық валютадағы ақшаны қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз, шетелдік валютада – қолма-қол ақшасыз тәсілмен қабылдау;
- Шартта анықталатын мөлшерде және тәртіппен сыйақы (бар болуы жағдайында) төлеу;
- Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттарда, соның ішінде оларды Клиенттің басқа банк шотына аудару жолымен Клиентке ақшаны (Салымды) қайтару;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындау.

1.29. **Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілі** – Қашықтықтағы қызмет көрсету арналарын пайдалануы кезінде аутентификациялау және қолжетімділікті алу барысында Клиентті сәйкестендіруге арналған, Клиент операцияларды жүзеге асыру мақсатында пайдаланылатын ЭЦҚ, динамикалық сәйкестендіру, биометриялық сәйкестендіру немесе пайдаланушының бірегей сәйкестендіргіші және құпиясөз (Банк Клиентке беретін ДСЖЖ, соның ішінде ДСЖЖ қалыптастыратын құрылғылар, Құпиясөз, QR-код, PIN-код, USSD/SMS-хабарламалар, тез қол жеткізу коды, код сөзі) және (немесе) Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте Клиент ниетінің өзге де растамасы. Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілінің пайдаланылуы Клиенттің электронды хабарламаны, электронды құжатты, соның ішінде Қашықтықтағы қызмет көрсету арналары арқылы жасасылатын электронды түрдегі шартты құрастыру және (немесе) онымен танысу және (немесе) оған қол қою фактісін куәландырады және тараптарды және олардың білдірген ниеттің мәнін анықтайтын, жазбаша нысанда жасалған мәміле ретінде тараптармен танылады. Банк белгілі бір жағдайда жоғарыда аталған Сәйкестендіру тәсілдерінің қайсысының пайдаланылатынын өз бетімен анықтайды.

1.30. **Банк тарифтері** – Банктің тиісті операцияны жүргізуі/тиісті қызметті көрсетуі кезінде қолданылатын, Банктің тарапынан бекітілген мөлшерлемелер және комиссиялар. Клиент банк қызметтеріне төлейтін Банк тарифтері Банктің Интернет-ресурсында және Банктің жайларындағы (операциялық бөлімшелеріндегі) Клиент көре алатын жерлерде жарияланған.

1.31. **ағымдағы шот** – Банк Клиентке тиісті шарттың негізінде ашатын, соның ішінде Клиент Қосылу туралы өтініште белгілеген Клиенттің банк шоты.

1.32. **Қашықтықтағы қызмет көрсету арналары** – электронды банк қызметтерін алу мақсатында Клиент пен Банктің арасындағы байланысты қамтамасыз ететін телекоммуникация құралдарының, цифрлық және ақпараттық технологиялардың, бағдарламалық жасақтаманың және жабдықтың жиынтығы.

1.33. **Банктің уәкілетті органы** – қаржыландыруды беру және Салым бойынша жеке шарттарды ұсыну аясындағы шешімді қабылдау үшін тиісті уәкілеттіктері берілген Банктің органы немесе тұлғасы, соның ішінде Банктің Директорлар кеңесі (Банкпен ерекше қатынастармен байланысқан тұлғалар бойынша);

1.34. **Операция қатысушысы** – бенефициар, бенефициар банкі, делдал банк, корреспондент банк, көрсетілген тұлғаларға бақылауды жүзеге асыратын өзге тұлға, соның ішінде шарттық қатынастар негізінде операцияға өзге қатысушы.

1.35. **электронды банк қызметтері** – Клиенттің банк шотындағы (шоттарындағы) ақша сомасы, банк шоты (шоттары) бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты алуына, төлемдерді және ақша аударымдарын жасауына және (немесе) Банк телекоммуникациялар желілері, серіктік байланыс немесе өзге байланыс түрлері арқылы ұсынатын банк операцияларының өзге түрлерін жүзеге асыруына байланысты қызметтер.

1.36. **электронды құжат** – ішіндегі ақпарат электронды-цифрлық түрде көрсетілген және Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілімен расталған құжат.

1.37. **электронды цифрлық қолтаңба (мәтін бойынша – ЭЦҚ)** – ЭЦҚ құралдарымен құрылған және ЭЦҚ арқылы қол қойылғаннан кейін электронды құжаттың дұрыстығын, өзгертілмегенін және оған қол қойған Тарапқа жатқызылуын, қол қойылған электронды құжаттың мазмұнына келісетінін растайтын электронды цифрлық таңбалардың жинағы.

1.38. **PIN-код** – төлем картасына тағайындалатын және Төлем картасының ұстаушысын сәйкестендіруге арналған құпия цифрлық код.

1.39. **POS-терминал** – төлем картасын немесе оның деректемелерін және Банктің ақпараттық жүйесімен байланысты пайдаланумен транзакция жүргізілетін және қолма-қол ақшаны беру орнында қолма-қол ақша берілетін электронды-механикалық құрылғы.

1.40. **Push-хабарлама** – мобильді телефонның немесе кәдімгі компьютердің экранында туындайтын қысқаша қалқыма хабарламалар.

1.41. **QR-код** – Клиентті, тауар (жұмыс, қызмет) туралы деректерді сәйкестендіру, Банк қабылдайтын визуалды машина оқитын штрих кодтарын пайдаланумен операцияларды жүргізу жөніндегі нұсқаулардың берілуін қамтамасыз ету мүмкіндіктерін беретін Банктің қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету, операцияларды, электронды ақпараттық және төлемдік банк қызметтерін жүргізу технологиясы.

## 2. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Банк және Клиент Шарттың және оның Қосымшаларының мәтіні бойынша бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» ретінде, ал жеке түрде «Тарап» ретінде аталады.

2.2. Банктің және Клиенттің арасындағы қарым-қатынастар Шартпен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі. Шартта тікелей қарастырылмаған барлық өзге мәселелер бойынша Тараптар Банктің Интернет-ресурсында жарияланатын Банктің Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

2.3. Клиенттің Қосылу туралы өтініштегі қолы, соның ішінде Клиент Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілімен растаған Қосылу туралы өтініш келесіні куәландырады және растайды:

- Клиент Шарттың талаптарын толық көлемде оқыды, түсінді және қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз қабылдады;
- Шартта Клиент ақылға қонымды мүдделеріне сүйеніп қабылдамас Клиент үшін қандай да бір ауыртпалықты талаптар жоқ;
- Банкте Клиент қол қойған Қосылу туралы өтініш болған жағдайда, Клиент оның Шартты оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде оның Шартта қолтаңбасының болмауына сілтеме жасай алмайды;
- Шарттың барлық ережелері Клиенттің мүдделеріне және ниетіне толық көлемде сәйкес келеді;
- Клиент Шартты жасасу және Шотты ашу үшін қажетті барлық рәсімдерді сақтады;
- Клиент Шартты жасасу және орындау мақсаттарында берген бүкіл ақпарат дұрыс, толық әрі дәл болып келеді/болады;
- Клиент өз резиденттілігінің мемлекетіндегі заңнамаға сәйкес тиісті түрде құрылған және тіркелген;
- Клиент және оның өкілдері, уәкілетті тұлғалары Шартты жасасу және орындау үшін тиісті уәкілетті органдардан/тұлғалардан/мемлекеттік органдардан берілген барлық қажетті құқықтарға және уәкілеттіктерге ие;
- Клиент қаржы қызметтерін сатып алу тәртібіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын орындауда немесе орындайтын болады, соның ішінде Клиент Банкті қаржы қызметтерінің жеткізушісі ретінде таңдау аясындағы барлық қажетті рәсімдерді жүргізді;
- Шарттың жасасылуы және оның талаптарының орындалуы, соның ішінде Шарт бойынша Шоттың ашылуы Клиенттің құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының кез келген ережесін және (немесе) Клиентке қатысты қолданылатын заңнаманы бұзбайды және олардың бұзылуына әкеліп соқтырмайды;
- Клиент Банктің Интернет-ресурсында жарияланған Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелермен танысты.

2.4. Шартқа қосылу арқылы Клиент Шарттың аясында Қосылу туралы өтінішке, өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынастардағы кез келген мәмілелерге (солардың ішінде келісімге, растамаға, сауалнамалық деректердің, телефон нөмірінің, Клиент туралы өзге мәліметтердің және т.б. мәліметтердің өзгеруіне) қол қою (оларды жасасу) мақсатында Шартта қарастырылған тәртіпте Байланыс арналары арқылы Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілін (ДСЖЖ, QR-кодты, PIN-кодты, USSD/SMS-хабарламаны) пайдалану жайындағы өзінің шартсыз әрі қайта шақыртуға болмайтын келісімін береді. Сонымен қатар, Клиент Қосылу туралы өтінішке, өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынастардағы кез келген мәмілелерге (солардың ішінде келісімге, растамаға, сауалнамалық деректердің, телефон нөмірінің, Клиент туралы өзге мәліметтердің және т.б. мәліметтердің өзгеруіне) қол қою (жасасу) әрекетіне Клиенттің Мобильді қосымшадағы қол қою терезесінен (экранынан) келесі терезеге (экранға) өтуінің, соның ішінде Клиенттің Мобильді құрылғысына кірістірілген сәйкестендіру (бетті, саусақ ізін және т.б. анықтау) құралдарын пайдаланумен өтуінің теңестірілетініне келіседі. Тараптар Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілін пайдаланумен немесе Мобильді қосымшаның келесі терезесіне (экранына) өту арқылы Қосылу туралы өтінішке, өтініштерге, құжаттарға, Банкпен қарым-қатынастардағы кез келген мәмілелерге (солардың ішінде келісімге, растамаға, сауалнамалық деректердің, телефон нөмірінің, Клиент туралы өзге мәліметтердің және т.б. мәліметтердің өзгеруіне) қол қою (жасасу) әрекетін жазбаша нысанда жасалған, Тараптарды және олардың білдірген ниетінің мазмұнын анықтайтын, өз қолдары қойылған және сотта дәлел ретінде келтірілуі мүмкін қағаз тасымалдағышындағы құжаттарға тең мәміле ретінде таниды.

Бұл ретте, Клиент осы тармақта белгіленген тәсілдермен мәмілелерді жасасу кезінде Клиенттің ЭЦҚ, пайдаланушының бірегей сәйкестендіргішін және құпиясөзді (ДСЖЖ, PIN-кодты, USSD/SMS-хабарламаны), Мобильді қосымшаға кіру үшін пайдаланылатын ұялы телефон нөмірін/SIM-картаны, Клиенттің Мобильді құрылғысын және (немесе) электронды банк қызметтерін алу үшін Клиент пайдаланатын басқа да құрылғыларды жоғалтуы, олардың ұрлануы, оларды үшінші тұлғаларға табыстауы нәтижесінде Клиент шеккен зиян үшін Банктің жауапты болмайтынын түсінеді және мұнымен келіседі, осыған орай, Клиент аталмыш фактілерді жоққа шығаратын шараларды қабылдауға, ал олардың орын алуы жағдайында бұл туралы Банкті тез арада хабардар етуге міндеттенеді.

2.5. Банкте Клиент қол қойған (Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілімен расталған) Қосылу туралы өтініштің данасы болған жағдайда, Клиент оның Шартты алмағанының/оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде оның Шартта қолтаңбасының болмауына сілтеме жасай алмайды.

2.6. Шарттың барлық Қосымшалары, Қосылу туралы өтініш және Шарт аясында Банк Клиенттен қабылдаған өзге өтініштер/өтінімдер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

## 3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Клиент Банкке Шот ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде Банк Шартқа сәйкес Клиент Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілімен қол қойған немесе ұсынған (растаған) Қосылу туралы өтініштің негізінде Клиентке Шот ашады, ал Клиент Шарт аясында Салымға (Шотқа) ақша орналастырады/салады. Банк Шарт талаптарына сәйкес Клиенттен ақшаны (Салымды) қабылдайды, ол бойынша сыйақы төлейді және Салымды Клиентке қайтарады.

3.2. Салымның атауы, түрі, валютасы, сомасы, мерзімі (Салым шарттарымен және Қосылу туралы өтініштің нысанымен қарастырылған өзге мәліметтер), сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, Шот нөмірі және Салым бойынша өзге де шарттар Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

3.3. Тараптардың әрқайсысының Шартқа қатысуы Банк және Клиент арасында немесе Клиент және үшінші тараптар арасында жасасылған өзге банктік салым шарттарына қатысты басым болып табылмайды және Тараптардың осындай шарттарға қатысу құқықтарын шектемейді.

3.4. Банк электронды банк қызметтерін көрсетеді, оларды көрсету тәртібі және жеке талаптары Банктің Интернет-ресурсында немесе Банктің жайларындағы (операциялық бөлімшелеріндегі) Клиент көре алатын жерлерде жарияланған. Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Клиент онымен танысқанын және келісетінін растайды. Электронды банк қызметтерін көрсету мәселелері жөніндегі Банкке хабарласуға арналған байланыс телефон нөмірлері және мекенжайлар Банктің жайларындағы (операциялық бөлімшелеріндегі) Клиент көре алатын жерлерде жарияланған.

## 4. ШОТТЫ АШУ, ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЖАБУ ШАРТТАРЫ

4.1. Салым оның Шотқа салыну күнінде қабылданды болып есептеледі, бұл ретте, ақшаның Салымға (Шотқа) алғашқы орналастырылуы келесідей шарттары көзделген Қосылу туралы өтініште қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады:

- Банкте ашылған Клиенттің ағымдағы шотынан Салымды алғашқы орналастыру сомасын алу (есептен шығару). Клиент таңдаған бұл шарт көрсетілген Қосылу туралы өтінішке қол қойып, Клиент Банкке Шотқа салу мақсатында Шотты ашу күнінде Қосылу туралы өтініште көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотынан Қосылу туралы өтініште анықталған мөлшерде Банктің Салым сомасын алуына келісімін (құқығын) береді. Бұл ретте, Клиент тарапынан қандай да бір қосымша келісім/растама/нұсқау қажет емес;

- Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы шотынан, Клиенттің екінші деңгейдегі басқа банкте ашылған банк шотынан Клиенттің өз бетімен Салымды алғашқы орналастыру сомасын Шотқа аударуы немесе, осындай шарт Қосылу туралы өтініште қарастырылған жағдайда, үшінші тұлғаның банк шотынан Шотқа ақшаны аударуы[1] (үшінші тұлғаның ақшаны шетелдік валютадағы Шотқа аударуы жағдайлары қосылмаған). Бұл шартты таңдаған кезде Клиент/үшінші тұлға Салымды алғашқы орналастыру сомасын Шот ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей аударады. Салым сомасы Шотқа Шот ашылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аударылмаған жағдайда, Шарт жасасылмаған ретінде танылып, Шот жойылады.

4.2. Салым мерзімінің есептелуі Салымның Шотқа салыну күнінен бастап есептеледі. Салым Салым валютасында салынады.

---

[1] Салымға алғашқы орналастырудың бұл тәсілі «Овернайт» салымына қатысты қолданылмайды.

4.3. Шот Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

4.4. Қосылу туралы өтініште және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі қарастырылмаған жағдайда, Қосылу туралы өтініште көрсетілген сыйақы мөлшерлемесі Салымның бүкіл қолданылу мерзіміне бекітілген болып табылады.

Қосылу туралы өтініште қарастырылған шарттарға және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мән-жайларға қарай жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі мүмкін. Клиенттің жазбаша немесе ауызша хабарласуы бойынша Банк Клиентке өзгертілген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі туралы мәліметтерді береді, бұл ретте, Клиенттің қалауы бойынша Тараптар Шартқа қосымша келісімді жасасуға құқылы.

4.5. Салым бойынша сыйақы Салым Шотқа салынған күннен бастап келесідей есеп бойынша есептеледі:

- жылдың ішінде 360 күн, айдың ішінде 30 күн[2], бұл ретте, Салымды ұсыну күні және Салымды қайтару күні бір күн ретінде қабылданады;
- Клиент сыйақы күн сайын төленетін шартты таңдаған кезде «Овернайт» және «Удобный» салымдары бойынша айдың ішіндегі күнтізбелік күндердің нақты саны үшін жылдың ішінде 360 күн, бұл ретте, Салымды ұсыну күні және Салымды қайтару күні бір күн ретінде қабылданады;
- ұлттық компаниялар, ұлттық холдингтер, олардың үлестес тұлғалары болып табылатын Клиенттер үшін айдың ішіндегі күнтізбелік күндердің нақты саны үшін жылдың ішінде 360 күн, бұл ретте, Салымды ұсыну күні және Салымды қайтару күні бір күн ретінде қабылданады.

Салымды қайтару күні демалыс күніне келген жағдайда, Салым одан кейінгі бірінші жұмыс күні төленеді, бұл ретте, сыйақының есептелуі және төленуі демалыс күндерін ескерумен жүзеге асырылады.

4.6. Салым бойынша есептелген сыйақы Шарт талаптарына сәйкес ТКҰТС-ты ұстаумен (мұндай ұстау Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда) төленеді.

4.7. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Банк Салым сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен белгіленген тәртіпте және шарттарда қайтарады.

4.8. Клиент Салымды мерзімінен бұрын талап ету мезетіне дейін Салым бойынша сыйақыны алған жағдайда, Шартқа сәйкес белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелген сыйақы сомасының және Салымды қайтару күнінде қолданылатын «До востребования» салымының мөлшерлемесі бойынша есептелген сыйақы сомасының арасындағы айырмашылық Банк тарапынан Салым сомасынан ұсталады. Бұл ретте, Банк алдында ұсталған ТКҰТС сомасының және Салым бойынша сыйақының қайта есептелуіне байланысты ұсталуы тиіс ТКҰТС сомасының арасындағы айырмашылыққа ТКҰТС сомасын қайта есептейді.

4.9. Шарттың 6.2. тармағының 6.2.3. тармақшасымен қарастырылған тәртіпте Клиентті алдын ала хабардар етумен және Салымды орналастырудың нақты мерзімі үшін есептелген сыйақыны төлеумен Банк біржақты тәртіпте толық Салым сомасын қайтара алады.

4.10. Қосылу туралы өтініште өзгесі қарастырылмаған жағдайда, Салым (Салымның бөлігі) сомасының қайтарылуы және сыйақының төленуі ағымдағы шотқа жүзеге асырылады.

4.11. Банк Салымды (Салымның бөлігін) ол Шотқа салынған валютада қайтарады.

.

4.12. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Салым мерзімі аяқталғаннан кейін Банк Салымды Салымды орналастыру мерзімінің аяқталу күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей қайтарады.

4.13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банк ұзартылуы қарастырылмаған Салымды Салым мерзімі аяқталғаннан кейін Клиенттің Шотты

[2] Клиент сыйақы күн сайын төленетін шартты таңдаған кезде айдың ішіндегі күнтізбелік күндердің санына қарай 30-есептік күн үшін сыйақы келесідей тәртіпте есептеледі (Клиент күн сайынғы сыйақыны төлеу шартын таңдаған жағдайда, сыйақысы күн сайын есептелетін «Овернайт» және «Удобный» салымдарын қоспағанда):
айдың ішінде 28/29 күнтізбелік күн болса, онда 28-күннің аяғындағы (3 күн үшін)/29-күннің аяғындағы (2 күн үшін) қалдықтың негізінде;
айдың ішінде 30 күнтізбелік күн болса, онда 30-күннің аяғындағы қалдықтың негізінде;
айдың ішінде 31 күнтізбелік күн болса, онда 31-күннің аяғындағы қалдықтың негізінде, бұл ретте, 30-күн үшін сыйақы есептелмейді.
Сыйақыны есептеудің бұл әдісі айдың 30 күні салынған салымдарға да қатысты қолданылады.

жабу және Салымды қайтару туралы өтінішінсіз Салымды орналастыру мерзімі аяқталатын күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қайтарады.

Шартты салымдар және «До востребования» салымы Шарттың 9 және 10-бөлімдерімен қарастырылған тәртіпте қайтарылады.

4.14. Қосылу туралы өтініште өзгесі қарастырылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша Шоттың жабылуына жол берілмеген жағдайларды қоспағанда, Шоттың жабылуы Салымның толығымен қайтарылуы кезінде Салымды қайтару күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

4.15. (Салым шартымен қарастырылуы жағдайында) Клиент минималды соманы (төмендетілмейтін қалдықты) қамтамасыз ету шарттарын бұзған жағдайда, Салым Клиентке қайтарылуға, ал Шот Шартта қарастырылған тәртіпте жабылуға тиіс.

## 5. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. **Клиенттің міндеттері:**

5.1.1. Шотты ашу күнінде Банкке Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Шотты ашу және жабу үшін қажетті құжаттарды ұсыну, сондай-ақ, бар болуы жағдайында, Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шартқа сәйкес төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану туралы немесе Клиентке төленетін сыйақы сомасынан ТКҰТС-тың ұсталуынан босататын тиісті құжатты ұсыну;

5.1.2. Шартта белгіленген мерзім ішінде Шотта Салымды алғашқы орналастыру сомасын және тиісті Салымға сәйкес қажетті минималды Салым сомасын (төмендетілмейтін қалдықты) қамтамасыз ету;

5.1.3. құрылтай құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізілген кезде, орналасқан/тұрғылықты жері, соның ішінде нақты мекенжайы өзгерген кезде, өкілдің (өкілдердің) тегі, аты, (жеке куәландыру құжатында көрсетілуі жағдайында) әкесінің аты өзгерген кезде, өкілдің (өкілдердің) жеке куәландыру құжаттары ауыстырылған кезде, Клиентпен байланысу үшін пайдаланылатын телефон, факс нөмірлері, байланыс ақпараты немесе байланыс тәсілі өзгерген кезде, сондай-ақ, Шарт талаптарының орындалуы үшін маңызды өзге өзгерістер кезінде бұл туралы Банкті жазбаша түрде немесе Тараптар келістірген басқа да байланыс құралдары арқылы 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде хабардар ету және тиісті өзгерістерді/толықтыруларды растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсыну. Хабарламау және (немесе) уақытында хабарламау жағдайында Шарттың орындалуына байланысты ықтимал салдарлар үшін Клиент жауапты болады;

5.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда Шарттың қолданылу мерзімінің барысында Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ұсынылуы талап етілетін, тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсыну;

5.1.5. Шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік болып табылатын Клиент Шартқа қосылу арқылы Банк сұратқан және Банктің КЖ/ТҚҚ аясындағы халықаралық стандарттарды орындауы үшін қажет болатын Клиент және оның операциялары (солардың ішінде, мұнымен шектелмей, Клиент операциялары бойынша ақшаның туындау көзі, мақсатына сай пайдаланылуы) бойынша бүкіл ақпаратты және құжаттарды ұсынып отыруға келіседі және осы орайда бұл міндеттемені ерікті түрде өз мойнына алады. Бұл ретте, Клиент Банкке бұл ақпаратты және құжаттарды беру әрекетінің Клиенттің ерікті ниеті болып табылатынын және 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қарым-қатынастар туралы Вена конвенциясында қарастырылған ережелердің бұзылуы болып табылмайтынын мойындайды, сондай-ақ, Банктің КЖ/ТҚҚ аясындағы халықаралық стандарттарды орындауы үшін Клиент және оның операциялары бойынша бұл ақпаратты және құжаттарды сұрау құқығын, ал сұратылған құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Банктің операцияны жүргізуден бас тарту және (немесе) Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды біржақты тәртіпте тоқтату құқығын мойындайды;

5.1.6. Банктің талабын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Салым бойынша артығынан төленген сыйақыны Банкке қайтару;

5.1.7. Шартта қарастырылған тәртіпте Салымды (мерзімдік, шартты және жинақ) мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда, («Овернайт» салымын қоспағанда) Банкке болжалды Салымды қайтару күніне дейін Банк белгілеген нысан бойынша Салымды қайтару туралы жазбаша өтінішті беру:

- мерзімдік және шартты салымдар бойынша толығымен/ішінара қайтару жағдайында 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын;
- жинақ салымдары бойынша толығымен қайтару жағдайында 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын.

5.1.8. үшінші тұлғаларға Шотқа иелік ету құқығын берген жағдайда, Банкке үшінші тұлғалардың уәкілеттіктерін растайтын сенімхаттың түпнұсқасын (түпнұсқаларын) және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге құжаттарды ұсыну. Шотқа иелік ету уәкілеттігі берілген өкілдердің уәкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Банкті бұл туралы 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде жазбаша түрде хабардар ету және осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну. Кері жағдайда Банк Шотқа иелік ету уәкілеттігі берілген өкілдердің әрекеттері үшін жауапты болмайды;

5.1.9. төлем құжаты орындалғаннан кейін осындай орындалудың дұрыстығын анықтау және, оның қате орындалуы жағдайында, қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы орындалған күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірмей, қате төлемнің орындалуын байқағаннан кейін 3 (үш) операциялық күннің ішінде аңғарылған қате туралы Банкке хабарлау. Қате төлем туралы хабарламасында Клиент төлем құжатының деректемелерін және ол аңғарған қате деректемелерді көрсетеді;

5.1.10.операцияны жүзеге асыру мезетіндегі қолданылатын Банк тарифтерімен белгіленген мөлшерде және тәртіпте Шарт бойынша Банк қызметтеріне төлеу, сондай-ақ, Банктің Интернет-ресурсында және (немесе) Банктің жайларындағы (операциялық бөлімшелеріндегі) Клиент көре алатын жерлерде жарияланған Банк тарифтеріндегі өзгерістер туралы өз бетімен біліп алу;

5.1.11.Банкке Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарын орындауы үшін қажет болатын ақпаратты, құжаттарды, солардың ішінде өзінің бенефициарлық меншік иелері жайындағы ақпаратты ұсыну;

5.1.12.Банкке операцияларды, солардың ішінде сыртқы экономикалық операцияларды жүргізу үшін негіз болып табылатын, олардың экономикалық мәнін және заңды мақсаттарын негіздейтін құжаттарды (мәліметтерді), сондай-ақ, қаржылық мониторингтің бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында банк қызметтерін көрсету кезінде операцияларды қосымша зерделеу үшін Банкке қажетті өзге де құжаттарды (мәліметтерді) уақытылы ұсыну;

5.1.13.Қазақстан Республикасының заңнамасымен, шет мемлекеттердің заңнамасымен, халықаралық ұйымдардың актілерімен, Қазақстан Республикасының сот актілерімен, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің өзге құзыретті органдарымен белгіленген талаптарды және шектеулерді сақтап отыру;

5.1.14.Санкциялық режимдердің талаптарын сақтап отыру;

5.1.15.Клиентке, Операция қатысушысына және (немесе) Клиентпен байланысқан тұлғаға қатысты кез келген мемлекеттің юрисдикциясына сәйкес шетелдік/халықаралық/ұлттық органдардың/ұйымдардың тарапынан, солардың ішінде, мұнымен шектелмей, Еуропалық одақтың, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия біріккен патшалығының, Америка Құрама Штаттарының және өзге мемлекеттердің санкциялық тізіміне сәйкес салынған санкциялардың қолданылуы жағдайында Банкті тез арада хабардар ету, сондай-ақ, Клиентке, Операция қатысушысына және (немесе) Клиентпен байланысқан тұлғаға қатысты өзге қолданыстағы/әлеуетті шектеулерді анықтаған кезде осындай оқиғалар туралы жан-жақты ақпаратты дереу жіберу;

5.1.16.Санкциялық тізімдерге енгізілген тұлғалардың/ұйымдардың пайдасына (тікелей немесе жанама түрде) Банк арқылы операцияларды жүргізбеу, сондай-ақ, Санкциялық режиммен тыйым салынған және (немесе) Санкциялық режимдерді бұзуға және (немесе) айналып өтуге бағытталған операцияларды жүргізбеу;

5.1.17.Банктің Шартта қарастырылған талаптарға сәйкес Клиенттің кінәсі бойынша және (немесе) Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтатуы, Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуы, Банктің Клиент операциясын жүргізуден бас тартуы, тоқтата тұруы нәтижесінде келтірілген ысырапты, шығындарды және (немесе) залалдарды қабылдау (өз бетімен және өз есебінен реттеу);

5.1.18.Банкте ашылған ағымдағы шоттың жабылуы немесе Қосылу туралы өтініште көрсетілген банк шоты деректемелерінің өзгеруі туралы Банкті хабардар ету;

5.1.19.Қосылу туралы өтініште қарастырылған шарттарда Салым сомасын сақтап отыру;

5.1.20.ақшаның Шотқа қате салынуын анықтаған күннен, Банк талап қойған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Шотқа қате салынған ақшаны Банкке қайтару;

5.1.21.Шартта қарастырылған өзге де міндеттерді орындау.

5.2. **Клиенттің құқықтары:**

5.2.1.Шартта қарастырылған талаптарда, мөлшерде және тәртіпте Салымды және ол бойынша есептелген сыйақыны алу;

5.2.2. жазбаша сауалының негізінде үзінділерді, Шоттың күйі және ол бойынша ақша қозғалысы жайындағы анықтамаларды алу;

5.2.3. Шартта қарастырылған тәртіпте және талаптарда Салымды толығымен талап ету;

5.2.4. Шартта қарастырылған талаптарда (Салым шарттарымен қарастырылуы жағдайында) Салымды толтыру және Салымнан ақшаны ішінара алып отыру;

5.2.5. Банк белгілеген нысанға сәйкес Салымды орналастыру мерзімін ұзарту туралы өтінішті, соның ішінде ЭЦҚ пайдаланумен, Сәйкестендіру/аутентификациялау тәсілімен немесе «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы өзге қорғаныс әрекеттерінің элементтерімен қол қойылған өтінішті беру арқылы Салым мерзімінің аяқталуына дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Шартта қарастырылған талаптарда (Салым шарттарымен қарастырылуы жағдайында) Салым мерзімін ұзарту. Бұл ретте, Тараптар Банк белгілеген нысанға сәйкес Шартқа қосымша келісімді жасасады;

5.2.6. Банк Шарт бойынша көрсететін қызметтер жайындағы ақпаратты алу мақсатында Банк жайына бару, телефон немесе Банктің өзге де байланыс деректері бойынша Банкке хабарласу. Банк Клиенттің арыздарына Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде жауап береді.

5.2.7. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының және халықаралық шарттың талаптарына сәйкес төмендетілген салық салу мөлшерлемесі қолданылған немесе оны ТКҰТС-тың ұсталуынан босататын растаушы құжат ұсынылған кезде Банк ұстаған және бюджетке төлеген ТКҰТС-ты қайтару. ТКҰТС Клиентке Қазақстан Республикасының салық заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда қайтарылады.

## 6. БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. **Банктің міндеттері:**

6.1.1. бас тартудың негізі болмаған жағдайда, Шарттың 5.1. тармағының 5.1.1. тармақшасына сәйкес Клиент толық құжаттар пакетін және, қажеттілік туындаған жағдайда, Банк қосымша тәртіпте сұратқан өзге де құжаттарды ұсынған күннен кейін 1 (бір) операциялық күннің ішінде Клиент қол қойған (растаған) Қосылу туралы өтініштің негізінде жеке сәйкестендіру кодын тағайындаумен Клиентке Шот ашу;

6.1.2. Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы жағдайында Шартта қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде Салым сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны қайтару;

6.1.3. үшінші тұлғалар, солардың ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және (немесе) мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғалары және (немесе) сот орындаушылары қойған төлем талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде орындау;

6.1.4. Клиент талабы түскен күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей төлем құжаттарының қағаз тасымалдағышындағы даналарын қоса тіркеумен Шот бойынша үзіндіні ұсыну арқылы Клиенттің талабына сәйкес Шот бойынша жүргізілген операциялар жайындағы ақпаратты ұсыну;

6.1.5. Клиент жіберген төлем құжатын орындаудан бас тарту жайында Клиентті жазбаша түрде немесе Шартта белгіленген өзге байланыс құралдары арқылы (Банктің қалауы бойынша) Клиентті хабардар ету. Төлем құжатын орындаудан бас тарту күні ретінде осындай хабарламаны жіберу күні есептеледі;

6.1.6. уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімін және (немесе) өкімін, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актісін қайта шақыртқаннан кейін және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексімен, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» және «Оңалту және банкроттық туралы» Заңдарымен анықталған тәртіпте Клиенттің Шоты бойынша операцияларды жаңарту. Клиенттің Шотындағы ақшаға салынған тыйым Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие тұлғаның ақшаға тыйым салу туралы ол алдында қабылдаған актінің күшін жою туралы тиісті құжатының немесе жазбаша хабарламасының негізінде немесе Банктің Шоттағы ақшаға алдында қойылған тыйымды орындау мақсатында қойылған инкассолық өкімді орындауынан кейін немесе Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңымен қарастырылған жағдайларда алынады;

6.1.7. Шартта қарастырылған тәртіпте Шотты жабу.

6.2. **Банктің құқықтары:**

6.2.1. Банкке уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды тұлғаның Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және (немесе) мүлікке (Шоттағы ақшаға) иелік етуді уақытша шектеу туралы шешімі және (немесе) өкімі келіп түскен жағдайда, Шот бойынша операцияларды тоқтата тұру;

6.2.2. Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ аясындағы заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және Шартта қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату, операцияларды жүргізуден бас тарту;

6.2.3. келесідей жағдайларда Клиенттің операцияларын тоқтата тұру, операцияны жүргізуден бас тарту, Клиентке банктік қызмет көрсетуден бас тарту:

а) Клиент, Операция қатысушылары, Клиентпен байланысқан тұлға, Операция қатысушыларының бенефициарлық меншік иелері және (немесе) бақылаушы тұлғалары деректерінің террористтік әрекеттерге қатысы бар тұлғалардың тізімінде, ақшаның жылыстатылуына және терроризмнің қаржыландырылуына қатысы бар тұлғалардың тізбесінде, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдардың және тұлғалардың тізбесінде, алаяқтар немесе жалған кәсіпкерлер тізімдерінде, санкциялық тізімдерде белгіленген деректерге сәйкес келуі, не болмаса Банктің Клиент/Операция қатысушылары операцияларының, солардың ішінде валюталық шарттардың/мәмілелердің Санкциялық режимдерді бұзуға және (немесе) айналып өтуге бағытталған деп тұжырымдауға негіздердің болуы, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағымсыз сипаттағы өзге тізімдерде жағымсыз сипаттағы ақпараттың бар болуы, Банктің пікірінше, Банк үшін қандай да бір жағымсыз салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін өзге жағдайлардың орын алуы немесе орын алуының ықтималдығы.

Бұл ретте, Банк операцияның кешіктірілуі, тоқтата тұруы немесе оны жүргізуден бас тартуы үшін Клиентке келтірілген ысырап және (немесе) залалдар үшін жауапты болып табылмайды және болмайды;

б) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес міндетті түрде болуы тиіс, Клиенттің Сәйкестендірілуіне немесе ол жүргізетін операцияларға қатысы бар ақпаратты Клиенттің негізсіз себептермен бермеуі;

6.2.4. келесідей жағдайларда Клиентті алдын ала хабардар етпеусіз Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату және сотқа дейінгі біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тарту, Шотты (Шоттарды) жабу, осылайша Шоттың (Шоттардың) жүргізілуін және оларға қызмет көрсетуді тоқтату:

а) Клиент, Операция қатысушылары, Клиентпен байланысқан тұлға, деректерінің террористтік әрекеттерге қатысы бар тұлғалардың тізімінде, ақшаның жылыстатылуына және терроризмнің қаржыландырылуына қатысы бар тұлғалардың тізбесінде, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдардың және тұлғалардың тізбесінде, алаяқтар немесе жалған кәсіпкерлер тізімдерінде, санкциялық тізімдерде белгіленген деректерге сәйкес келуі (не болмаса Банктің Клиент/Операция қатысушысы/Клиентпен байланысқан тұлға операцияларының, солардың ішінде валюталық шарттардың Санкциялық режимдерді бұзуға және (немесе) айналып өтуге бағытталған деп тұжырымдауға негіздердің болуы), Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағымсыз сипаттағы өзге тізімдерде жағымсыз сипаттағы ақпараттың бар болуы, Банктің пікірінше, Банк үшін қандай да бір жағымсыз салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін өзге жағдайлардың орын алуы немесе орын алуының ықтималдығы;

б) Клиенттің/Операция қатысушыларының, Клиентпен байланысқан тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы, Клиенттің Банктегі Шоттың бар болуына байланысты өз міндеттемелерін орындамауы, Шот бойынша теріс теңгерімнің пайда болуы, Клиенттің банкроттығы немесе таратылуы, Клиенттің қылмыстық іс бойынша қудалануы немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы, Клиенттің/Операция қатысушысының/Клиентпен байланысқан тұлғаның халықаралық ауқымда қудалануы;

в) Банкте Клиенттің/Операция қатысушысының/Клиентпен байланысқан тұлғаның террористтік әрекетке және (немесе) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған әрекетке қатысатыны және (немесе) Клиенттің/Операция қатысушысының/Клиентпен байланысқан тұлғаның қылмыстық іс бойынша қудалануына әкеліп соқтыратын немесе әкеліп соқтыруы мүмкін қандай да бір басқа әрекетті жүзеге асыратыны немесе іскерлік қарым-қатынастарды сол мақсаттарда қандай да бір басқа амалмен пайдаланатыны туралы күмәннің туындауы (бұл ретте, Банк өзінің күмәндерін негіздеуге және дәлелдеуге міндетті емес), Банктің пікірінше, Банк үшін қандай да бір жағымсыз салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін өзге жағдайлардың орын алуы немесе орын алуының ықтималдығы;

г) Шот бойынша операцияларды жүргізуден бірнеше рет бас тарту және (немесе) оларды тоқтата тұру;

д) Клиенттің Санкциялық режимдердің талаптарын бұзуы.

Шартты орындаудан бас тартқан жағдайда, Банктің Шартты орындаудан бас тартуы нәтижесінде Клиентке тигізілген ысырап, залалдар үшін Банк жауапты болмайды;

6.2.5. Клиентте Шотқа қатысты орындалмаған талаптар немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы алынбаған актілер және Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер бар болған жағдайда, Шотты жабудан бас тарту. Бұл ретте, Салым мерзімі аяқталғаннан кейін Салым бойынша сыйақы есептелмейді;

6.2.6. Клиентті алдын ала хабардар етпеусіз және оның қосымша келісімінсіз Банкте ашылған Клиенттің барлық банк шоттарынан Шарттың негізінде Банкке тиесілі кез келген сомаларды, Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін Банк комиссияларының сомаларын қоса, ақшаны алу (есептен шығару), ал Клиент Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы осындай есептен шығарылуға (тікелей дебеттеуге) өзінің шартсыз келісімін береді;

6.2.7. ақша сомасы (Шот валютасынан өзгеше болатын) өзге валютада алынған жағдайда, алынған ақша Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Банк белгілеген бағам бойынша конвертацияланады және одан Банктің қолданыстағы тарифтері бойынша конвертациялау комиссиясы алынады;

6.2.8. Клиенттен қызмет көрсету және Клиент жүргізетін операциялардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына/Банктің ішкі құжаттарының талаптарына, соның ішінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, Банктің қызметіне әсер ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарына қатысты сәйкестігін тексеру үшін, сондай-ақ Банктің өзінің жоғарыда аталған нормаларды/талаптарды және Санкциялық режимдерді сақтауын қамтамасыз ету үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты сұрату;

6.2.9. Клиенттен алынған кез келген ақпаратты, соның ішінде Клиенттің нұсқауы бойынша банк қызметтерін тиісті түрде көрсету мақсатындағы ақпаратты Клиенттің қосымша келісімінсіз корреспондент банктерге және өзге қаржы институттарына беру, соның ішінде шекара арқылы табыстау (демек, шет мемлекеттердің аумағына табыстау);

6.2.10.келесідей жағдайларда Клиенттің төлем құжатын (нұсқауын) орындаудан бас тарту:

а) Клиенттің Банкке жүктелген функцияларды атқаруы үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбауы;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін нысанда толтырылған және ұсынылған төлем құжаттарының берілуі;

в) Клиенттің төлемді/аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпеуі;

г) Банктің пікірінше төлем құжатында қолдан жасалу белгілері бар болатын жағдайлар;

д) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Шарт талаптарымен белгіленген өзге талаптар сақталмаған жағдайлар;

6.2.11.Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен және (немесе) Шартпен, соның ішінде Шарттың 6.2. тармағының 6.2.4. тармағымен қарастырылған негіздер бойынша кез келген уақытта Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту және Клиентке Шартты тоқтату себептерін түсіндірмеу. Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңымен белгіленген жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға жол берілмейді. Қосылу туралы тиісті өтініштерде өзге хабардар ету тәртібі және (немесе) мерзімдері қарастырылмаған жағдайда, Банк шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Шарттың деректемелерінде көрсетілген Клиенттің мекенжайы бойынша Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарламаны электронды түрде немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) жібереді. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып саналады, бұл ретте, Тараптардың арасында қандай да бір келісімдерді жасасу талап етілмейді. Тараптың (Тараптардың) орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда, Тараптардың Ақпаратты және (немесе) дербес деректерді сақтау, өңдеу және пайдалану аясындағы құқықтары мен міндеттерін, солардың ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) халықаралық ұйыммен, шет мемлекеттің үкіметімен немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органымен белгіленген мерзім ішінде әрекет ететін, Санкциялық режимдерге байланысты талаптарды және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қоспағанда, олар Шарттың тоқтатылу күніне дейін орындалуға тиіс.

Банктің Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуы жағдайында Банк біржақты тәртіпте бас тарту күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Қосылу туралы өтініште қарастырылған мөлшерлеме бойынша Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту күніндегі жай-күйге қарай Салым бойынша сыйақыны төлейді;

6.2.12.Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі болмаған немесе Клиент ол (оның өкілі) және (немесе) бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ, Клиентке қызмет көрсету барысында Клиенттің Банкпен іскерлік қарым-қатынастарды Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл аясындағы заңнамасымен, Шартпен және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсаттарында пайдаланып отыруы жайлы күмән туындаған жағдайда, Клиентті хабардар етумен Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған ретінде танылады;

6.2.13.Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған, Клиенттің Банктегі Шоттың бар болуына байланысты міндеттемелерін орындамауы, Шот бойынша теріс теңгерімнің пайда болуы, Клиенттің банкроттығы немесе таратылуы, Клиенттің/Операция қатысушысының/Клиентпен байланысқан тұлғаның қылмыстық іс бойынша қудалануы немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы, Клиенттің/Операция қатысушысының/Клиентпен байланысқан тұлғаның халықаралық ауқымда қудалануы, Клиентке/Операция қатысушысына/Клиентпен байланысты тұлғаға қатысты Санкциялық режимдерге сәйкес қандай да бір санкциялар немесе шектеулер, теріс сипаттағы ақпарат бар болған жағдайларда, Банкте Клиенттің/Операция қатысушысының/Клиентпен байланысқан тұлғаның террористтік әрекетке және (немесе) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған әрекетке қатысатыны және (немесе) Клиенттің/Операция қатысушысының/Клиентпен байланысқан тұлғаның қылмыстық іс бойынша қудалануына әкеліп соқтыратын немесе әкеліп соқтыруы мүмкін қандай да бір басқа әрекетті жүзеге асыратыны туралы күмәннің туындауы (бұл ретте, Банк өзінің күмәндерін негіздеуге және дәлелдеуге міндетті емес) жағдайында және (немесе), Банктің пікірінше, Банк үшін қандай да бір жағымсыз салдарларға әкеліп соқтыруы мүмкін өзге жағдайлардың орын алуы жағдайында Клиентпен іскерлік қарым-қатынастары тоқтату, Клиентті алдын ала хабардар етпеусіз және Шарттың 6.2. тармағының 6.2.11. тармағымен белгіленген мерзімді сақтамай-ақ Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тарту, Шотты жабу, осылайша Шотты жүргізуді және оған қызмет көрсетуді тоқтату. Бұл оқиғалар орын алған жағдайда, Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттемелері тез арада орындалуға тиіс. Бұл ретте, Банк Клиент нұсқауларын орындаудағы кешіктіру немесе орындалуын тоқтата тұру нәтижесінде Клиентке тигізілген залалдар үшін жауапты болмайды; Мүмкіндік болған жағдайда, Банк кейіннен Клиентке Шарттан осындай бас тарту және Шоттың жабылуы туралы хабарламаны жіберуге құқылы;

6.2.14.Клиентпен іскерлік қарым-қатынастардың тоқтатылу күнінен бастап 5 (бес) жыл ішінде тиісті түрде тексеру нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтерді, солардың ішінде Клиент досьесін, Шот жайындағы мәліметтерді, онымен алмасқан хаттарды, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жүргізілген операциялар туралы құжаттарды және мәліметтерді сақтау;

6.2.15.қаржылық мониторингті жүргізетін және КЖ/ТҚҚ аясында өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органның Клиентті және (немесе) Клиенттің бенефициарлық меншік иесін терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізгені туралы ақпараттың негізінде Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

6.2.16.операцияның жүргізілуіне/валюталық шартқа қызмет көрсетілуіне, соның ішінде шет мемлекеттердің банктерінде ашылған Банктің корреспонденттік шоттарын пайдаланумен жүргізілуіне/қызмет көрсетілуіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осындай шет мемлекеттердің заңнамасымен, халықаралық ұйымдардың актілерімен, шет мемлекеттердегі соттардың және өзге құзыретті органдардың шешімдерімен, Санкциялық режимдермен белгіленген шектеулермен тыйым салынған жағдайда, не болмаса Банктің Клиент/Операция қатысушысы/Клиентпен байланысқан тұлға әрекеттерінің, солардың ішінде операциялардың және валюталық шарттардың Санкциялық режимдерді бұзуға және (немесе) айналып өтуге бағытталған деп тұжырымдауға негіздердің болуы жағдайында Клиенттің операцияларын тоқтата тұру, операцияны жүргізуден және (немесе) (қолданыстағы және (немесе) жаңа) валюталық шарттарға қызмет көрсетуден бас тарту. Бұл ретте, Банк операцияны жүргізу мерзімінің ұзартылуына, Банктің операцияны және (немесе) Клиентке банктік қызмет көрсетуді тоқтата тұруына немесе одан бас

тартуына байланысты туындаған Клиенттің барлық (кез келген) ысырабы және (немесе) залалдары үшін жауапты болып табылмайды және болмайды;

6.2.17.алынып тасталған;

6.2.18.Банктің қызмет көрсетуге қатысты қолданыстағы тарифтерін өзгерту/жою және (немесе) қосымша тарифтерді белгілеу, бұл туралы Клиент тиісті ақпаратты Банктің Интернет-ресурсында және (немесе) Банктің жайларындағы (операциялық бөлімшелеріндегі) Клиент көре алатын жерлерде жариялау арқылы хабардар етіледі. Банк тарифтерінің өзгертілгені/қосымша тарифтердің белгіленгені/тарифтердің жойылғаны жайындағы хабарламалар Клиентті ақпараттандыру мақсатында Банк тарапынан Банктің Интернет-ресурсында және (немесе) Банктің жайларындағы (операциялық бөлімшелеріндегі) Клиент көре алатын жерлерде олардың күшіне ену күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жарияланады. Клиент енгізілген өзгерістермен өз бетінше танысады. Клиент Банктің жаңа тарифтерімен келіспеген жағдайда, Клиент Банктің жаңа тарифтері күшіне енбегенше Банкке жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Шарттың кейінгі орындалуынан бас тартуға құқылы. Өзгерістердің енгізілуіне дейін Клиент Банкке Банктің өзгертілетін тарифтерін қабылдаудан бас тарту туралы арызды ұсынбаған жағдайда, Клиент Банктің тарифтерін қабылдады деп, ал Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұл бөлігінде өзгертілді деп танылады;

6.2.19.Салым мерзімін ұзарту жағдайында (Шартта Салымды ұзарту талаптары қарастырылған жағдайда) Салым мерзімін ұзарту күніндегі Банкте қолданылатын сыйақы мөлшерлемесіне Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесін өзгерту. Салым мерзімінің аяқталуына дейін Салым мерзімінің ұзартылуы кезінде сыйақы мөлшерлемесінің төмендеу жағына өзгертілуін қоса Банк Клиентті Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің өзгертілуі жайында өзгертілген мөлшерлемелер туралы тиісті ақпаратты Банктің Интернет-ресурсында жариялау арқылы хабардар етеді;

6.2.20.Салым Кепіл ұстаушыға кепілге салынған жағдайда, Шартта және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Клиенттен Кепіл ұстаушы келісімінің/рұқсатының ұсынылуын талап ету;

6.2.21.нұсқаудың орындалуы Банк тиісті Салым бойынша белгілеген және Қосылу туралы өтініште көрсетілген максималды Салым сомасының ұлғаюына әкеліп соқтырған жағдайда, ақшаны Шотқа салудан бас тарту;

6.2.22.операцияларды жүргізу/қаржыландыру мақсатында операцияларды, ақшаның туындау көзін тереңдетіп зерттеу арқылы жоғарылатылған бақылау шараларын қабылдау, операцияларды, солардың ішінде сыртқы экономикалық операцияларды жүргізу үшін негіз болып табылатын, олардың экономикалық мәнін және заңды мақсаттарын негіздейтін кез келген құжаттарды (мәліметтерді) талап ету, контрагенттерді тексеру, сондай-ақ, қаржылық мониторингтің бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында қажетті өзге де құжаттарды (мәліметтерді) сұрау және, қажеттілік туындаған жағдайда, операцияны тоқтата тұру/орындаудан бас тарту, Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату және Клиенттің күдікті операциялары жайындағы ақпаратты қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілеттік органға жіберу. Бұл ретте, Банк Банктің жоғарыда аталған шараларды қабылдауының және (немесе) қабылданған шаралардың (оларды жүзеге асыру нәтижесінің) негізінде қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті орган/Банк қабылдаған шешімдердің нәтижесінде Шарт бойынша Клиент нұсқауларының/операцияларының орындалмағаны/уақытылы орындалмағаны үшін жауапты болмайды.

## 7. МЕРЗІМДІК САЛЫМДЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ

### 7.1. «Удобный» Салымының шарттары:

7.1.1.Салым бойынша максималды Салым сомасына дейін қосымша жарналардың салынуына, сондай-ақ, Қосылу туралы өтініште белгіленген төмендетілмейтін қалдық сомасына дейін сыйақының жоғалуынсыз қаражаттың ішінара алынуына жол беріледі. Салым Шотта төмендетілмейтін қалдықты қамтамасыз етусіз ішінара алынған жағдайда, Салым Қосылу туралы өтініште қарастырылған (бұл Қосылу туралы өтініште қарастырылған жағдайда) тәртіпте сыйақыны қайта есептеумен Клиентке қайтарылуға, ал Шот Шартта қарастырылған тәртіпте жабылуға тиіс;

7.1.2. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін/Салым мерзімінен бұрын талап етілген жағдайда, Банк Шотты Шартта және (немесе) Қосылу туралы өтініште қарастырылған тәртіпте жабады;

7.1.2-1. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді;

7.1.3. Қосылу туралы өтініште көрсетілген өзге шарттар.

### 7.2. «Овернайт» Салымының шарттары:

7.2.1. «Овернайт» Салымының шарттарына сәйкес Клиент ол қол қойған Қосылу туралы өтініште белгіленген мерзім ішінде Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған тәртіпте, шарттарда және сома көлемінде 1 (бір) күнтізбелік күн мерзіміне Салымға ақшаны салады, ал Банк сол ақшаны қабылдайды;

7.2.2. Салымға ақша салу тәртібі Қосылу туралы тиісті өтініште белгіленеді. Бұл ретте, Клиенттің Шартқа қосылу күніндегі Салымды алғашқы орналастыру сомасы Қосылу туралы өтініште көрсетілген алғашқы орналастыру сомасына сәйкес болуға, минималды және максималды Салым сомасына қатысты шарттарға сәйкес келуге және Банк белгілеген уақыт кезеңінің ішінде салынуға тиіс;

7.2.3. Банк Салымды және есептелген сыйақыны келесі жұмыс күні операциялық күннің ашылуы кезінде қайтарады. Салым демалыс/мереке күндерінің алдындағы күнде орналастырылған жағдайда, сыйақы Салымды орналастыру күнінде қолданылған мөлшерлеме бойынша Салым мерзімін ескерумен Салым Шотта сақталған күнтізбелік күндердің нақты саны үшін есептеледі;

7.2.4. Банк Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесін күн сайын анықтайды және белгілейді;

7.2.4-1. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді;

7.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салымды алу құқығына ие үшінші тұлғалардың талаптарын орындау жағдайларын қоспағанда, Салымды ішінара алу мүмкіндігі қарастырылмаған.

7.3. Банк мерзімдік салымдар бойынша нәтижесінде Шоттағы қалдық төмендетілмейтін қалдық сомасынан аз немесе 0 (нөлге) тең болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие үшінші тұлғалардың Салым сомасының бөлігін/бүкілін алу туралы қойған нұсқауын орындаған жағдайда, сыйақы қайта есептелмейді және Шарт мерзімінен бұрын бұзылады. Есептелген сыйақы болған жағдайда, сыйақы Салымның нақты сақталу мерзімі үшін төленеді, ал Шотта қалған сома Қосылу туралы өтініште белгіленген ағымдағы шотқа аударылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына жол берілген жағдайда, сыйақы Салым мерзімінің аяқталуына дейін Шарттың талаптарына сәйкес Салымның нақты қалдығына есептеледі. Салым Шоттан барлық шектеулер алынып тасталғаннан кейін жабылатын болады.

## 8.ЖИНАҚ САЛЫМЫН ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ

8.1. **«Сберегательный» жинақ салымының шарттары:**

8.1.1. Салым бойынша қосымша жарналарды салуға және Салымды ішінара алуға жол берілмейді;

8.1.2. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді.

8.2. Банк жинақ салымдары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие үшінші тұлғалардың Салым сомасының бөлігін алу туралы қойған нұсқауын орындаған жағдайда, және де Клиенттің Салымды мерзімінен бұрын талап ету туралы өтініші болмаған жағдайда, сыйақы Салым мерзімінің аяқталуына дейін Шарттың талаптарына сәйкес Салымның нақты қалдығына есептеледі. Банк Салымның бүкіл сомасын алу туралы нұсқауды орындаған жағдайда, сыйақы қайта есептелмейді.

8.3. Салым мерзімінен бұрын талап етілген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылуы шартымен сыйақы ТКҰТС-ты ұстаумен Салымның қайтарылу күнінде қолданылатын «До востребования» салымының мөлшерлемесі бойынша төленеді. Салым Клиент Салымды қайтару туралы жазбаша өтінішін бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кейін қайтарылады.

## 9. ТАЛАП ЕТІЛГЕНГЕ ДЕЙІНГІ САЛЫМДЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ

9.1. **«До востребования» Салымының шарттары:**

9.1.1. Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мерзімге және тәсілмен Клиент «До востребования» салымына ақшаны салады, ал Банк бұл ақшаны қабылдап, Шотқа аударады;

9.1.2. Салымды орналастыру мерзімі шектелмеген (мерзімсіз);

9.1.3. «Талап етілгенген дейінгі» Салымы бойынша Салымға қосымша жарналарды салуға және Салымды ішінара алуға жол беріледі;

9.1.4. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді;

9.1.5. Салым Клиенттің бірінші жазбаша талабы бойынша Клиентке толығымен немесе ішінара қайтарылады. Салым толығымен қайтарылған жағдайда, Банк шотты Шарттың 4.15 тармағында қарастырылған тәртіпте жабады.

## 10. ШАРТТЫ САЛЫМДЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ

10.1. **«Недра» шартты Салымының шарттары:**

10.1.1.«Недра» шартты салымы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес I санаттағы нысанды пайдалану салдарларын жоюға немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарларын жоюға байланысты жұмыстарды қаржыландыруға арналған;

10.1.2.шартты Салымның талаптарына сәйкес Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мерзімге және тәсілмен Клиент ақшаны салады, ал Банк бұл ақшаны қабылдап, Шотқа аударады;

10.1.3.Клиент Салымды (Клиенттің құқығын) жер қойнауын пайдалану немесе I санаттағы нысандарды пайдалану салдарларын жою жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын Кепіл ұстаушының пайдасына қамтамасыз ету ретінде кепілге сала алады. Салымның кепілге салынуына орай, Клиент жер қойнауын пайдалану немесе I санаттағы нысандарды пайдалану операцияларының салдарларын жою жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Кепіл ұстаушы басқа кредиторларға қарағанда басым тәртіпте кепілге салынған Салым сомасынан қанағаттандырыла алады;

Салым Кепіл ұстаушыға кепілге салынған жағдайда, Банк Шартта және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте Клиенттен Кепіл ұстаушы келісімінің/рұқсатының ұсынылуын талап етуге және Шартта қарастырыған Мән-жай орын алмағанша кепіл ауыртпалығы бар Салым сомасына иелік ету жөніндегі Клиенттің нұсқауларын орындауға қабылдамауға құқылы.

10.1.4.Салым (Салымның бөлігі немесе толық сомасы) Салымды қайтару негіздерін көрсетумен, Кепіл ұстаушының келісімін/рұқсатын қоса тіркеумен, Қосылу туралы өтініште белгіленген мақсаттарға сәйкес Шарттың 5.1. тармағының 5.1.7. тармақшасында белгіленген тәртіпте және мерзімде Банкке ұсынылған Клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде қайтарылады. Бұл ретте, Банк Клиенттің Салым сомасын немесе оның бөлігін мақсатынан тыс пайдалануы үшін жауапты болмайды. Клиенттің, Кепіл ұстаушының және Банктің арасында Салымға қатысты кепіл шарты жасасылған жағдайда, Кепіл ұстаушының келісімі/рұқсаты Клиенттің жазбаша өтінішіне қоса тіркеледі. Салымды кепілге салу шарты жасасылмаған жағдайда, Салым (Салымның бөлігі немесе толық сомасы) Кепіл ұстаушының келісімін/рұқсатын қоса тіркеместен Клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде қайтарылады;

10.1.5.Салым бойынша қосымша жарналарға және ішінара алуға жол беріледі;

10.1.5-1. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді;

10.1.6.Салым Клиенттің жер қойнауын пайдалану операцияларының/I санаттағы нысандарды пайдалану салдарларын жою жөніндегі міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында ұсынылған жағдайда, Клиент оған Кепіл ұстаушы қол қойғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде Банкке банк салымын кепілге салу шартының (бұдан әрі – кепіл шарты) 1 (бір) данасын ұсынуға міндетті. Бұл ретте, жасасылған кепіл шартына орай, Клиент орын алуымен Шартты Салымның Клиентке қайтарылуын байланыстыратын Мән-жайдың орын алуына дейін Салымға қатысты Салым сомасын қайтару талаптарын қоймауға міндеттенеді;

10.1.7.Салым пайдалы қатты қазбаларды барлау операцияларының салдарларын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы уәкілетті (құзыретті) мемлекеттік орган жіберген хабарламаның (хаттың) негізінде ашылған жағдайда, Клиент Банкке 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде уәкілетті (құзыретті) мемлекеттік органның тарапынан берілген тиісті лицензияны немесе тиісті лицензияны беруден бас тарту туралы хабарламаны ұсынуға тиіс;

10.1.8.Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шоттан ақша алу құқығына ие үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындаған жағдайда, сыйақы қайта есептелмейді.

10.2.**«Тұрғын үй» шартты Салымының шарттары:**

10.2.1.«Тұрғын үй» шартты салымы кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында ақшаны жинауға арналған;

10.2.2-1. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді;

10.2.2.Салым бойынша есептелген сыйақы Шартта қарастырылған тәртіпте ТКҰТС-ты ұстаумен (мұндай ұстау Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда) Қосылу туралы өтініште белгіленген Клиенттің ағымдағы шотына жыл сайын/ай сайын төленеді. Сыйақы жыл сайын төленген жағдайда, төлем Салымды орналастыру күніне сәйкес келетін күнде жасалады. Бұл ретте, сыйақыны төлеу күні демалыс күніне келген жағдайда, төлем Салымды орналастыру күнінен кейінгі бірінші жұмыс күнінде жасалады. Сыйақы ай сайын төленген жағдайда, төлем есептік айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күнінде төленеді;

10.2.3.Салым бойынша қосымша жарналарға жол беріледі;

10.2.4.Салым бойынша ақшаны тек кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсаттарына ғана, соның ішінде кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін алынған тұрғын үй қарызын өтеу мақсаттарына ғана ішінара/толығымен алуға жол беріледі және бұл ақша кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу шарттарын қоспағанда, пәтерлер, жайлар иелерінің міндеттемелері бойынша кепіл нысанасы ретінде пайдаланылмайды. Шотта жиналған ақша Шартта қарастырылған тәртіпте жайлар (пәтерлер) иелерінің жалпы жиналысы хаттамасының негізінде жұмсалады;

10.2.5.Банкке кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсаттарында жасасылатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істердің аясында Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру жайындағы уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды тұлғаның/жеке сот орындаушысының шешімі және (немесе) өкімі келіп түскен жағдайда, Банк Шот бойынша операцияларды тоқтата тұруға құқылы;

10.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кондоминиум нысанының ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсаттарында жасасылатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істердің аясындағы сот шешімдерінің негізінде Шоттан ақшаның алынуына байланысты Салым сомасы азайтылған жағдайда, сыйақы қайта есептелмейді.

10.3. **«Новый клиент» шартты Салымының шарттары:**

10.3.1.«Новый клиент» шартты салымы жаңадан құрылатын заңды тұлғаның, соның ішінде жаңадан құрылатын саяси партияның жарғылық капиталын қалыптастыруға арналған;

10.3.2.Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мерзімге және тәсілмен Клиент ақшаны салады, ал Банк бұл ақшаны қабылдап, уақытша Шотқа аударады;

10.3.3.уақытша Шот теңдеге ашылады;

10.3.4.уақытша Шот бойынша саяси партия құрылуының қаржыландырылуына байланысты, соның ішінде құрылтай жиналысы (конференциясы) ұйымдастырылуының қаржыландырылуына немесе жаңадан құрылатын заңды тұлғаның жарғылық капиталының қалыптастырылуына және Шарт бойынша Банк қызметтеріне төлеуге байланысты операциялар жүргізіледі;

10.3.5.саяси партия/заңды тұлға мемлекеттік тіркеу рәсімінен өткеннен кейін:

- Клиент Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ағымдағы шотты ашу үшін қажет болатын құжаттарды ұсынуға міндетті;
- Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған толық құжаттар пакетін ұсынған күннен кейінгі келесі 1 (бір) операциялық күннің ішінде Банк саяси партияға/заңды тұлғаға ағымдағы шотты ашады;

10.3.6.Қосылу туралы өтініште белгіленген шарттардың біреуі орын алғаннан кейін Банк Шарттың 5.1. тармағының 5.1.7. тармақшасында қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде Салымды қайтарады;

10.3.7.Салым бойынша қосымша жарналарды салуға жол беріледі, Салымды ішінара алуға жол берілмейді;

10.3.7-1. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді;

10.3.8.уәкілетті тіркеу органы саяси партияны/заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден бас тартқан жағдайда, Клиент Банкке растаушы құжаттарды ұсынуға міндетті;

10.3.9.Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша уақытша Шоттың жабылуына жол берілмеген жағдайларды қоспағанда, уақытша Шот Қосылу туралы өтініште қарастырылған шарттардың біреуі орын алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Салымды қайтару кезінде жабылады.

10.4. **«Для заемщиков АО «Аграрная кредитная корпорация»» шартты Салымының шарттары:**

10.4.1.«Для заемщиков АО «Аграрная кредитная корпорация»» шартты салымы Корпорацияның клиент-қарыз алушыларының, солардың ішінде клиент-кредиттік серіктестіктердің Кредиттік шарт бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында ашылады;

10.4.2.Клиент Кредиттік шарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Шарт талаптарында Банкке ақшаны салады/аударады, ал Банк Клиентке Шот ашады;

10.4.3.Салым Клиент Кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді толығымен орындамағанша қабылданады;

10.4.4.Банк Салым сомасына Қосылу туралы өтініште белгіленген мөлшерде сыйақы есептейді;

10.4.5.Салым (салымшының құқығы) Корпорацияның және Клиенттің арасында жасасылған, жинақ шотында орналасқан ақшаны кепілге салу шартының нысанасы болып табылады;

10.4.6.Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Корпорацияның жазбаша келісімінсіз Салым бойынша ақшаны ішінара алуға жол берілмейді.

10.4.7.Кредиттік шарт бойынша Клиенттің берешек сомаларының алынуына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шоттан ақшаны алу уәкілеттігі берілген үшінші тұлғалардың талабы бойынша ақшаның алынуына байланысты Салым сомасының азаюы жағдайында қосымша жарналарды салуға жол беріледі;

10.4.8.Клиент Кредиттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк Кредиттік шарттың талаптарына сәйкес Корпорацияның талабы бойынша берешек сомаларын Корпорацияның пайдасына алады;

10.4.9.Шарт бойынша Салымды қайтару шарты – Банкке Салымды қайтару және Клиенттің Кредиттік шарт бойынша Корпорация алдындағы міндеттемелерін орындағаны жайындағы Корпорацияның жазбаша келісімін ұсыну болып табылады. Салымды қайтару шарттарының орын алуына дейінгі Клиенттің міндеттері:

- Салымды қайтару туралы талаптарды қоймау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Салымға (оның бөлігіне) иелік етпеу;

10.4.10.Банк Салымды қайтару және Клиенттің Кредиттік шарт бойынша Корпорация алдындағы міндеттемелерін орындағаны жайындағы Корпорацияның жазбаша келісімін алған жағдайда, Банк Қосылу туралы өтініште белгіленген ағымдағы шотқа Шарттың 5.1. тармағының 5.1.7. тармақшасында қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде Клиентке Салым сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны қайтарады.

10.4.10-1. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді;

10.4.11.Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша Шоттың жабылуына жол берілмеген жағдайларды қоспағанда, Шот Шарттың 10.4. тармағының 10.4.9. тармақшасында белгіленген шарт орын алғаннан және Банк Шотта орналастырылған ақшаны қайтарғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жабылады.

10.5.**«Депозит-Гарантия» шартты Салымының шарттары:**

10.5.1.Қосылу туралы өтініште белгіленген қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелердің тиісті түрде орындалуын қамтамасыз ету ретінде Клиент Шарттың талаптарына сәйкес Шотта орналасқан ақшаға қатысты Клиенттің құқықтарын Банкке кепілге салады;

10.5.2.Салым бойынша қосымша жарналар келесідей жағдайларда қабылданады:

1) Салым сомасы азайған жағдайда, Салым сомасын Қосылу туралы өтініште белгіленген оның бастапқы көлеміне дейін толтырған кезде;
2) Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес өзге жағдайларда;

10.5.2-1. Салым Шотта болған кезең ішінде Салымға Шарттың 4.5. тармағымен белгіленген талапты ескерумен Қосылу туралы тиісті өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы есептеледі және төленеді;

10.5.3.Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржыландыру шарты бойынша берешек сомаларын алуға немесе үшінші тұлғалардың шоттан ақшаны алып қоюына байланысты туындаған Салым сомасы төмендеген жағдайда, оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің бірінші талабы бойынша Шотты толықтыруға міндетті.

10.5.4.Банк Шартқа және Қосылу туралы өтінішке сәйкес Клиенттен айыппұл санкцияларының төленуін талап етуге құқылы;

10.5.5.Клиент Шарт пен Қосылу туралы өтініште көрсетілген тұрақсыздық айыбының және басқа да төлемдердің атауына, түрлері мен сомасына сөзсіз және қайтарымсыз келісімін білдіреді және олардың толық көлемде уақтылы төленуіне, оның ішінде Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы ақшаны алу кезінде, кепілдік береді;

10.5.6.Клиент Шартта және Қосылу туралы өтініште белгіленген тұрақсыздық айыптарының және өзге де төлемдердің атауларына, түрлеріне және көлемдеріне өзінің шартсыз әрі қайта шақыртуға болмайтын келісімін береді және олардың толық көлемде уақытылы төленуіне, соның ішінде Банкте ашылған Клиенттің банк шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы ақшаның алынуы кезінде төленуіне кепілдік береді;

10.5.7.Банктің Уәкілетті органының шешімі бойынша Салым мерзімі ұзартылған жағдайда, Салым бойынша жаңа сыйақы мөлшерлемесі белгіленеді немесе Салым мерзімінің осындай ұзартылуы кезінде қолданылатын (Қосылу туралы өтініште бар болуы жағдайында) сыйақы мөлшерлемесі сақталады.

## 11. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖОҚҚА ШЫҒАРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

11.1. Тараптардың әрқайсысы Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелердің бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес екінші Тараптың алдында жауапты болады.

11.2. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ол жүргізген операциялардың заңдылығы, Шартта қарастырылған қызметтердің көрсетілуіне, соның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен және халықаралық шартпен қарастырылуы жағдайындағы салықтан босатуға/төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдануға негіз болатын, Банкке ұсынылатын ақпараттың және құжаттардың түпнұсқалығы, шынайылығы және уақытылығы үшін жауапты болады. Клиент дұрыс емес/толық емес/шынайы емес құжаттарды және ақпаратты ұсынған жағдайда, сондай-ақ, құжаттарды және ақпаратты уақытында ұсынбаған (Шартта қарастырылған мерзімдерді сақтамаған)/мүлдем ұсынбаған, Шарт талаптарын бұзған жағдайда, Клиент Банкке ол осы орайда шеккен залалдарды толық көлемінде өтейді.

11.3. Банк келесідей әрекеттер үшін жауапты болмайды:

11.3.1.уәкілетті мемлекеттік органдар/лауазымды тұлғалар/жеке сот орындаушылары қабылдаған шешімдерінің/әрекеттерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шотта орналасқан ақшаға тыйым салу және (немесе) Шот бойынша операцияларды тоқтата тұру нәтижесінде Клиентке тигізілген залалдар, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы/тиісті түрде орындамауы, сондай-ақ, Клиенттің келісімін талап етпейтін инкассолық өкімдердің және (немесе) төлем талаптарының негізінде үшінші тұлғалардың Шоттан ақшаны есептен шығаруы салдарынан Клиентке тигізілген залалдар;

11.3.2.Шарттың 5.1. тармағының 5.1.8. тармақшасына сәйкес Клиент Банкті Клиент Шотқа иелік ету уәкілеттігін берген өкіл (өкілдер) уәкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны және (немесе) осындай тұлғалардың ауыстырылғаны туралы хабардар етпеген/уақытылы хабардар етпеген жағдайда, осындай тұлғалардың әрекеттері және тигізген залалдары;

11.3.3.Клиенттің Шарт талаптарын бұзуы жағдайында өз міндеттемелерін орындамауы/тиісті түрде орындамауы;

11.3.4.Клиент және (немесе) оның өкілі (өкілдері) төлем құжаттарын тиісті түрде ресімдемеген жағдайда, Шот бойынша операциялардың уақытылы жүзеге асырылмауы;

11.3.5.Банкке тәуелді болмайтын себептерден орын алған және Клиенттің Банк тарапынан хабарламаларды, үзінділерді, анықтамаларды уақытылы алмауына немесе мүлдем алмауына әкеліп соқтырған поштаның, Интернеттің, байланыс желілерінің жұмысындағы жаңылыстар, солардың ішінде олардың өшірілуі/оларға қол жеткізу мүмкіндігінің болмауы;

11.3.6.Қазақстан Республикасының ұялы байланыс операторларының SMS-хабарламаның жеткізілуін тиісті түрде қамтамасыз етпеуі нәтижесінде Клиенттің мобильді телефонына SMS-хабарламаның уақытылы жеткізілмеуі;

11.3.7.Шартты жасасу кезінде және (немесе) оны орындау мақсатында, соның ішінде Шот ашу және Шарт бойынша өзге де қызметтерді көрсету мақсатында Клиент ұсынған ақпараттың және құжаттардың түпнұсқалығы және шынайылығы. Бұл ретте, дұрыс емес/толық емес/шынайы емес құжаттарды және ақпаратты ұсынған жағдайда, сондай-ақ, құжаттарды және ақпаратты уақытында ұсынбаған/мүлдем ұсынбаған жағдайда, Клиент Банкке ол осы орайда шеккен залалдарды толық көлемінде өтейді;

11.3.8.Клиент әрекеттерінің (әрекетсіздігінің), Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамауының және (немесе) орындамауының нәтижесінде Клиент үшін туындаған ысыраптар, зиян, шығындар және өзге де міндеттемелер.

11.4. Кез келген жағдайда Банктің Шарт бойынша жауапкершілігі Банктің кінәлі әрекетімен/әрекетсіздігімен Клиентке келтірілген нақты зиян мөлшерімен (жоғалған пайданы есептемей) шектеледі. Нақты зиян Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өтеледі.

11.5. Банктің таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы жағдайында Салым бойынша өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

## 12. САЛЫМДЫ ҚАЙТАРУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ[2]

12.1. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, бұл ҚДКПҚ тарапынан берілген 02.04.2021 жылғы № 16 куәлігімен расталады.

12.2. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, шоттағы ақша депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады. Заңда қарастырылған кепілдік өтемақысын төлеу шарттары, мерзімдері және тәртібі туралы хабарлама Банктің Интернет-ресурсында жарияланған.

## 13. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

13.1. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы және (немесе) тиісті түрде орындалмауы еңсерілмейтін күш жағдайларының, солардың ішінде, мұнымен шектелмей: Тараптардың міндеттемелерді орындауына әсер тигізген табиғи құбылыстар және қоғамдық әрекеттер, бағдарламалық жасақтаманың жаңылыстары, электр қуатының өшірілуі, байланыс желілерінің зақымдануы, сондай-ақ, уәкілетті мемлекеттік органдардың, солардың ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның шешімдері, солардың ішінде мемлекеттерге/тұлғаларға/тауарларға/қызметтерге қатысты қандай да бір тыйымдарды/шектеулерді/санкцияларды қою түріндегі және Тараптардың екеуі де үшін міндетті болатын және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс болатын жағдайларының нәтижесінде орын алған жағдайда, Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы және (немесе) тиісті түрде орындамауы үшін және осы орайда туындаған зиян (залалдар) үшін Шарт бойынша жауапты болмайды.

13.2. Тараптар Шарттың 13.1. тармағында белгіленген жағымсыз салдарларды барынша қысқа мерзімде болдырмауға және жоюға бағытталған, оларға тәуелді болатын шараларды қабылдауға міндетті.

13.3. Шарттың 13.1. тармағына сәйкес Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін емес болған Тарап еңсерілмейтін күш жағдайлары орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде растаушы құжаттарды (бар болуы жағдайында) ұсынумен бірге екінші Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының басталуы және ықтимал аяқталу мерзімдері жайлы хабардар етуге тиіс.

13.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзім ішінде жалғасқан жағдайда, Тараптар Шартты өзара келісім бойынша тоқтатуға құқылы, бұл ретте, мүдделі Тарап бұл туралы екінші Тарапты осындай тоқтату күніне дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын жазбаша түрде хабардар етеді.

## 14. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ТАЛАПТАРЫ

14.1. Қосылу туралы өтініштің мәтінінде өзгесі келістірілмеген жағдайда, Шот Банктің Клиент (оның өкілі) қол қойған, Банктің тиісті белгісі қойылған Қосылу туралы өтінішті қабылдауы немесе Клиентке «Интернет-банкинг» жүйесін пайдаланумен Банктің Қосылу туралы өтінішті қабылдағаны жайындағы растаманы қашықтықтан жіберу арқылы жасасылады, бұл ретте, Шарт Шотқа Салым сомасы салынған/аударылған күннен бастап күшіне енеді және, Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі белгіленбеген жағдайда, Шоттың жабылу мезетіне дейін күшінде болады.

---

[2] Аталмыш тармақтың шарттары «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғамен/жеке нотариуспен/жеке сот орындаушысымен/шаруа (фермер) қожалығымен/кәсіби медиатормен/адвокатпен шарт жасасу кезінде қолданылады

## 15. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

15.1. Шартпен реттелмеген даулар тұрғысынан Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

15.2. Шартты жасасу және орындау барысында немесе оған байланысты туындайтын (солардың ішінде рұқсат етілмеген операциялар бойынша) барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар бірлесіп 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қарастырады.

15.3. Шартқа байланысты келіссөз жүргізу арқылы реттелмеген барлық даулар жауапкердің орналасу жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қарастырылуға тиіс.

## 16. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТОЛЫҚТЫРУ ТӘРТІБІ

16.1. Банк (қосымша келісім жасасу арқылы өзгертілуі мүмкін Қосылу туралы өтініште көрсетілген талаптарды қоспағанда) Шартқа өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуді бастауға құқылы.

16.2. Банк өзінің Интернет-ресурсында және (немесе) жайларындағы (операциялық бөлімшелеріндегі) Клиент көре алатын жерлерде ақпаратты жариялау арқылы Клиентті Шарт талаптарының өзгертілгені және (немесе) толықтырылғаны туралы осындай өзгерістердің күшіне ену күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етеді.

16.3. Клиент Шартқа өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы ақпаратты жариялау күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде Банкке енгізілген өзгерістерді және (толықтыруларды) ескерумен Шарт талаптарын қабылдамау туралы өтініш ұсынбаған жағдайда, Клиент Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісті және енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескерумен оған толық қосылды деп саналады, бұл Шарттың Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы болып табылады.

16.4. Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін ол өзгертілген және (немесе) толықтырылған түрде өзінің әрекет етуін жалғастырады.

16.5. Шартқа өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілуін талап ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Шарттың 16.1. – 16.4. тармақтарында белгіленген тәртіпке сәйкес Шартқа өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілуіне дейін Шарттың Тараптары Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

## 17. ҚҰПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

17.1. Тараптар Шартқа орай бір-біріне табыстайтын кез келген ақпарат және Шартты жасасу фактісінің өзі құпия ақпарат (бұдан әрі – Ақпарат) болып табылады және, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан немесе Шарттың талаптарынан өзгесі туындамаған жағдайда, Ақпаратты екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жариялауға болмайды.

17.2. Құпиялық Клиенттің кінәсімен бұзылған немесе Ақпарат үшінші тұлғаларға өзге көздерден белгілі болған жағдайларда Банк жауапты болмайды.

17.3. Қосылу туралы өтінішті бере отырып, Клиент Шартта қарастырылған операцияларды жүзеге асыру үшін Банктің оларда бекітілген ақпаратты ашу деңгейін сақтау қажеттілігін белгілейтін Банктің ішкі құжаттарына, Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес кез келген ақпаратты ашуды талап етуге құқылы екендігімен, ал Клиенттің Банкке оның бірінші талабы бойынша Банк белгілеген мерзімде кез келген ақпаратты беруге міндеттенетінімен келіседі.

17.4. Қосылу туралы өтінішті бере отырып, Клиент Банкке осы Шарттың негізінде Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз, құпия негізде, келесі үшінші тұлғаларға:

а) Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің үлестес заңды тұлғаларына; уәкілетті мемлекеттік органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (оның ішінде анықтау және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сауалы бойынша, не болмаса Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда, не болмаса Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда – Клиентке және (немесе) Шартқа және (немесе) Банк және Клиент арасында жасасылған өзге шарттарға, солардың ішінде күші жойылған шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте банктік құпияны, сондай-ақ, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын бүкіл және кез келген ақпаратты;

б) Банк, Банктің акционерлері және (немесе) Банктің үлестес тұлғалары аналитикалық сауалнамаларды жүргізу, өзге қызметтерді көрсету, солардың ішінде берешекті қайтару, кеңес беру, заңгерлік, аудиторлық қызметтерді және төлем және (немесе) ақша аударымын жасауға байланысты қызметтерді көрсету үшін жалдаған немесе болашақта жалданатын кез келген үшінші тұлғаларға

(солардың ішінде корреспондент банктерге, төлем карталары жүйелеріне және т.б.) осындай үшінші тұлғаларға Банктің, Банк акционерлерінің және (немесе) Банктің үлестес тұлғаларының алдындағы міндеттемелерін орындау, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы заңнамасының аясында өздерінің функцияларын атқару мүмкіндіктерін беру мақсатында — Клиентке және (немесе) Шартқа және (немесе) Банк және (немесе) Клиент және (немесе) үшінші тұлғалар арасында жасасылған өзге шарттарға, солардың ішінде күші жойылған шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте банктік құпияны, сондай-ақ, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, Банкке, Банктің акционерлеріне және (немесе) Банктің үлестес тұлғаларына тиісті түрде қызмет көрсету, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы заңнамасының аясында өздерінің функцияларын атқару (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кіріс органдарына есептерді/есептілікті/ақпаратты беру) мақсаттарында қажетті және жеткілікті болатын, сондай-ақ, осындай ақпаратты/мәліметтерді ұсыну қажеттілігі/міндеті туындаған/бар өзге жағдайларда кез келген ақпаратты;

в) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына, солардың ішінде АҚШ салық органдарына (IRS) және шетелдік салық агенттеріне — Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың талаптарын іске асыру мақсатында Клиентке және (немесе) Шартқа және (немесе) Банк және Клиент арасында жасасылған өзге шарттарға, солардың ішінде күші жойылған шарттарға қатысы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте банктік құпияны, сондай-ақ, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген ақпаратты;

г) ақпаратты шет мемлекеттердің аумағына шекара арқылы табыстауды қоса корреспондент банктерге және өзге де қаржы институттарына, соның ішінде Клиенттің нұсқауы бойынша операцияларды жүргізу аясында ақпаратты шартсыз әрі қайтаруға болмайтын ұсыну уәкілеттігін береді.

17.5. Клиент Банктің Ақпаратқа өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуі үшін Банкке тиісті растаушы құжаттарды ұсынумен бірге Банкке берген Ақпараттағы кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар, жаңа Ақпарат туралы 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде жазбаша түрде Банкке хабарлауға міндеттенеді.

17.6. Тараптар ақпараттық қауіпсіздік аясындағы талаптарды сақтауға, деректерді, солардың ішінде екінші Тараптан алынатын, екінші Тарап қол жеткізу мүмкіндігін берген деректерді қорғауға бағытталған қажетті және жеткілікті шараларды қабылдауға, сондай-ақ, Шарттың бүкіл қолданылу мерзімінің ішінде ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өз міндеттемелерінің тиісті түрде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тиісті шараларды жиі түрде жүзеге асыруға міндеттенеді.

17.7. Банктің ақпараттық активімен (ақпаратты сақтау және (немесе) өңдеу мақсатында пайдаланылатын ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанының және ақпараттың жиынтығы) және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанымен (электронды ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және оларға қол жеткізу мүмкіндігін беру мақсаттарында технологиялық ортаның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарының жиынтығы), Мобильді қосымшасымен немесе Клиент Шарттың талаптарында пайдаланатын Банктің кез келген өзге бағдарламалық өнімдерімен/қосымшаларымен Клиент тек Банктің ішкі талаптарына сәйкес қана өзара әрекеттеседі. Ақпараттық активпен және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанымен Банк тарапынан рұқсат етілген тәртіпте өзара әрекеттескен кезде Клиент Банктің нақты ақпараттық активке және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанына қатысты белгілеген нұсқауларымен, нұсқаулықтарымен және талаптарымен танысқанын мойындайды және мұнымен келіседі, және де оларды Шарттың аясындағы міндеттемелерді орындау үшін қажет болатын толық көлемінде сақтауға міндеттенеді.

17.8. Ақпараттық активпен және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанымен Банк тарапынан рұқсат етілген тәртіпте өзара әрекеттескен кезде Клиент:

1) ақпараттық активтің және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанының құрамдастарына және ішіндегісіне қатысты құпиялықты қамтамасыз етуге және оларды үшінші тұлғаларға ашпауға;

2) Банк белгілеген осындай ақпараттық активке және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанына, оның құрамдастарына және ішіндегісіне қол жеткізу мақсатында шектеулерді айналып өтуге бағытталған әрекеттерді орындамауға;

3) Банктің кез келген ақпараттық активтеріне және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарына жөнсіз немесе шамадан тыс жоғары жүктеменің түсуіне әкелетін немесе әкелуі мүмкін әрекеттерді орындамауға;

4) Банктің ақпараттық активінің және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанының жұмысына әсер ететін немесе қандай да бір жолмен әсер етуі мүмкін бөтен бағдарламалық жасақтаманы және өзге техникалық құралдарды пайдаланбауға;

5) ақпараттық актив және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысаны құрамдастарының және ішіндегісінің пайдаланылуын немесе көшірілуін болдырмайтын/шектейтін қорғаныс құралдарын немесе функцияларды, солардың ішінде авторлық және сабақтас құқықтарды қорғаудың техникалық құралдарын айналып өтпеуге, өшірмеуге және қандай да бір басқа жолмен жұмысын үзбеуге;

6) Банк жүктеу үшін тікелей бермеген ақпараттық активтің және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанының құрамдастарын және ішіндегісін жүктемеуге;

7) Банктің алдын ала келісімінсіз үшінші тұлғаларға, солардың ішінде Клиент азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде жұмылдыратын үшінші тұлғаларға ақпараттық активке және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанына қол жеткізу мүмкіндігін бермеуге;

8) Банктің ақпараттық активі және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысаны сервистерінің жұмысын (байқамай немесе әдейі) бұзбауға;

9) Банктің ақпараттық активіне және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанына рұқсатсыз қол жеткізу әрекеттерін, солардың ішінде оның ішінде жіберілетін, өңделетін және сақталатын ақпаратты алу әрекеттерін орындамауға міндеттенеді.

17.9. Тараптар бір-бірінің ақпараттық активтеріне және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарына қатысты ақпараттық активтердің және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарының тұтастығын бұзуы (мысалы, қорғаныс жүйелерін айналып өтуі), олардың ішіндегі деректердің құпиялығын бұзуы, ақпараттық активтің және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанының жұмыс істеу қабілетіне немесе қолжетімділігіне әсер етуі, олардың ішінде жасырын функционалдық мүмкіндіктерді құруы (мысалы, бағдарламалық бетбелгілерді енгізуі) және оларға компьютерлік вирустарды жұқтыруы мүмкін қандай да бір әрекеттерді орындамауға міндеттенеді. Сонымен қатар, Тараптар ақпараттық активтерде және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарында пайдаланылатын қағидалардың, алгоритмдердің және үдерістердің жүзеге асырылуы туралы ақпаратты алу мақсатында ақпараттық активтерге және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарына, олардың құрамдастарына және ішіндегісіне қатысты өзгерістерді енгізу, декомпиляциялау, дизассемблерлеу, дешифрлеу, қателерді түзету әрекеттерін және өзге де әрекеттерді жасамауға міндеттенеді.

17.10. Клиент ақпараттық қауіпсіздік аясындағы қандай да бір ережелерді бұзған жағдайда, Банк Клиентке тиісті хабарламаны жіберумен Клиенттің Банктің ақпараттық активімен және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанымен өзара әрекеттесуін біржақты тәртіпте шектеуге, тоқтата тұруға немесе толығымен тоқтатуға құқылы. Бұл ретте, Клиенттің Банктің ақпараттық активімен және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанымен өзара әрекеттесуі Шартты орындау үшін қажет болған жағдай да осындай әрекеттер Банктің Шарт ережелерін бұзуы болып табылмайды.

17.11. Өздерінің қызметкерлеріне және (немесе) азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде жұмылдырылатын үшінші тұлғаларға екінші Тараптың ақпараттық активіне және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысанына рұқсат етілген қол жеткізу мүмкіндігін берген кезде осындай қызметкерлер және (немесе) үшінші тұлғалар үшін Шарттың осы бабында белгіленген міндеттемелерге ұқсас міндеттемелерді белгілеуге міндеттенеді.

17.12. Клиент Шарттың осы бабында белгіленген өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Клиент Банктен тиісті талап алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Банкке осындай бұзушылықпен келтірілген, құжаттармен расталған залалдарды (солардың ішінде ақпараттық қауіпсіздіктің белгіленген режимінің бұзылуы, Клиенттің әрекеттері немесе әрекетсіздігі тудырған ақпараттық активтердің және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарының жұмысындағы жаңылыстардың, олардың қауіпсіздігінің бұзылуы нәтижесінде туындаған зиянды) өтеуге, соның ішінде Банкке сот арқылы/соттан тыс салынуы мүмкін немесе салынған айыппұлдардың, өндірулердің және өтемақылардың сомаларын өтеуге міндеттенеді.

## 18. ШАРТТЫҢ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ

18.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шоттан ақша алу құқығына ие үшінші тұлғалардың нұсқауларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде орындайды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмеген жағдайда, Банктің үшінші тұлғалар берген нұсқауды орындауы нәтижесінде Шотта орналастырылған ақшаның бүкіл сомасы алынған жағдайда, Шот Шарттың талаптарына сәйкес жабылады.

Шоттан ақшаны алу үшін ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарастырылған тәртіпте Шоттан ақшаны алу жайындағы нұсқауларды орындайды.

Ақша сомасы (Шот валютасынан өзгеше болатын) өзге валютада алынған жағдайда, алынған ақша Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте конвертацияланады және одан Банктің қолданыстағы тарифтері бойынша конвертациялау комиссиясы алынады.

18.2. Банкке уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды тұлғаның Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актілер, Салым сомасының бөлігіне ауыртпалық түскен жағдайларды қоспағанда, бүкіл Салым сомасына тыйым салу туралы актілер келіп түскен жағдайда, Банк Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады және Клиенттің өтініші бойынша Салымды (Салым шарттарымен қарастырылуы жағдайында Салым бөлігін) беруге құқылы емес.

18.3. Банкке уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды тұлғаның Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі, сондай-ақ, Шоттағы ақшаға тыйым салу туралы актілер келіп түскен жағдайда, Банк:

– «Недра», «Для заемщиков АО «Аграрная кредитная корпорация»», «До востребования» Салымдары бойынша сыйақының есептелуін тоқтата тұрады. Сыйақы есептелуінің жаңартылуы уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімін және (немесе) өкімін, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актісін қайта шақыртқаннан кейін және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексімен, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» және «Оңалту және банкроттық туралы» заңдарымен анықталған тәртіпте басталады.

Шоттағы ақшаға салынған тыйым Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие тұлғаның ақшаға тыйым салу туралы ол алдында қабылдаған актінің күшін жою туралы тиісті жазбаша хабарламасының негізінде немесе Банктің Шоттағы ақшаға алдында қойылған тыйымды орындау мақсатында қойылған инкассолық өкімді орындауынан кейін немесе Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңымен қарастырылған жағдайларда алынады;

– «Удобный», «Сберегательный», «Овернайт», «Депозит-Гарантия» Салымдары бойынша сыйақы Шартта қарастырылған талаптарда аталмыш Салымдардың мерзімдері аяқталмағанша есептеледі. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін Банк сыйақыны есептемейді және төлемейді.

18.4. Уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың және (немесе) сот орындаушыларының ауыртпалықтары (тыйым/шығын операцияларын тоқтата тұру жайындағы өкім) бар болған жағдайда, Салым сомасының бөлігіне қатысты мүлікке иелік етуді уақытша шектеу жайындағы акт және Клиенттің ауыртпалықтары жоқ Салым сомасын мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші келіп түскен кезде Шартқа сәйкес тиісті Салым түрінің талаптарымен қарастырылуы жағдайында ауыртпалықтары жоқ Салым сомасы Қосылу туралы өтініште белгіленген ағымдағы шотқа аударылуға тиіс. Шоттағы ақшаға салынған тыйым Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығына ие тұлғаның ақшаға тыйым салу туралы ол алдында қабылдаған актінің күшін жою туралы тиісті құжатының және жазбаша хабарламасының негізінде немесе Банктің Шоттағы ақшаға алдында қойылған тыйымды орындау мақсатында қойылған инкассолық өкімді орындауынан кейін немесе Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңымен қарастырылған жағдайларда алынады.

18.5. Клиент Банкке Банктің Шарт бойынша барлық берешек сомаларын, солардың ішінде Шарттың талаптарына сәйкес Клиенттің Банкке қайтаруы тиіс, Клиентке төленген сыйақы сомаларын Банкте ашылған Клиенттің банк шоттарынан осындай банк шоттарын тікелей дебеттеу арқылы өндіруіне өзінің шартсыз келісімін береді.

18.6. Салымды қайтару және Салымды мерзімінен бұрын қайтару жайындағы Шарттың талаптары кепіл нысанасы болып табылатын (кепілге салынған) Салымға қатысты қолданылмайды.

## 19. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

19.1. Клиент жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының/құрылтайшыларының/бенефициарлық меншік иелерінің) Банктің олардың дербес деректерін жинауына және өңдеуіне, дербес деректерінің үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке

табысталуына, Банктің оларды жинауына және өңдеуіне, жіберілуіне Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым немесе шектеу салынбаған жағдайда, тиісті шет мемлекеттің жіберілетін дербес деректердің қорғанысын қамтамасыз етуіне немесе етпеуіне қарамастан, дербес деректердің шекара арқылы жіберілуіне, Банкке Шарт бойынша берілген және болашақта берілуі тиіс (уәкілетті тұлғалар және өкілдер бойынша), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау және өңдеу қажеттілігі туындаған өзге жағдайларда аталмыш дербес деректерге қатысты тиісті түрде ресімделген келісімдеріне ие екендігіне (бұдан әрі – Келісім) кепілдік береді.

Банк анықтайтын қажеттілік туындаған жағдайда, Клиент Банкке дербес деректер субъектілерінен Клиент жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауға және өңдеуге, шекарааралық табыстауға келісімдерінің бар екендігіне құжаттамалық растауды ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Клиент Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

19.2. Банк Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері аясындағы заңнамасының талаптарына сәйкес Клиент қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының/құрылтайшыларының/бенефициарлық меншік иелерінің олардан Банкке келіп түсетін дербес деректерінің құпиялығын және қауіпсіздігін және Шартты орындау мақсатында және оның орындалуына байланысты оларды өңдеу кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

19.3. Банк:

а) Клиент қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының/құрылтайшыларының/бенефициарлық меншік иелерінің дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері аясындағы заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өңдеуге және таратуға міндеттенеді;

б) Клиент қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының/құрылтайшыларының/бенефициарлық меншік иелерінің дербес деректеріне қол жеткізу шарттарын өз бетімен анықтауға құқылы;

в) Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері аясындағы заңнамасының талаптарын ескерумен дербес деректерді оларды өңдеу мақсаттары талап ететін мерзімдерден асырмай сақтауға және өңдеу мақсаттарына жеткеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;

г) Шартты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері аясындағы заңнамасының өзге талаптарын орындауға міндеттенеді;

д) жүзеге асыратын дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға табыстау әрекеттері жайлы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

## 20. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ

20.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

а) қандай да бір заңсыз артықшылықтарға ие болу немесе басқа да заңсыз мақсаттарға жету ниетімен кез келген тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін ондай тұлғаларға ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуге ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді;

б) Шарттың мақсатында қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасымен пара беру/алу, коммерциялық паралау, сыбайлас жемқорлық ретінде қарастырылатын әрекеттерді жасамайды.

20.2. Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін/өкілдерін қандай да бір әдіспен ынталандырудан, соның ішінде ақшалай қаражатты, сыйлықтарды ұсынудан, оларға жұмыстарды (қызметтерді) тегін орындаудан (көрсетуден) және қызметкерді белгілі бір тәртіпте тәуелді ететін және осындай қызметкердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған, осы тармақта тізімделмеген басқа да әдістермен ынталандырудан бас тартады.

20.3. Оны ынталандыратын Тараптың/Клиенттің пайдасына орындалатын қызметкердің әрекеттері келесідей әрекеттерді білдіреді:

а) басқа контрагенттерге қарағандағы негізсіз артықшылықтарды ұсыну;

б) қандай да бір кепілдіктерді ұсыну;

в) ағымдағы рәсімдерді жылдамдату;

г) өзінің қызметтік міндеттерінің аясында қызметкердің тарапынан орындалатын, бірақ, Тараптардың арасындағы қарым-қатынастардың ашықтық қағидаларына қайшы келетін әрекеттер.

20.4. Белгілі бір Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін жайындағы күмән туындаған жағдайда, тиісті Тарап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде басқа Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламадан кейін бұзушылықтың орын алмағаны немесе алмайтыны расталмағанша тиісті Тарап Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтата тұруға құқылы. Бұл растама жазбаша хабарламаны жолдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде жіберілуге тиіс.

## 21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

21.1. Шарт Тараптардың оның мәніне байланысты толық өзара түсінушілігін білдіреді және Тараптардың арасында Шарттың талаптарына қатысты болған барлық алдындағы жазбаша немесе ауызша келісімдерді немесе уағдаластықтарды алмастырады.

21.2. Шарт Тараптар, олардың құқықтық мирасқорлары және уәкілетті өкілдері үшін міндетті болады.

21.3. Шарттың қандай да бір талабы заңсыз немесе жарамсыз болып қалуы Шарттың басқа ережелерінің жарамдылығына және заңдылығына ешқандай әсер тигізбейді. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілуі нәтижесінде Шарттың ережелері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келген жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын басшылыққа алады.

21.4. Клиент Шотқа қызмет көрсетуге байланысты Банктің қызметтері, солардың ішінде, мұнымен шектелмей: есепке жатқызу, беру, аудару қызметтері үшін операцияны жүргізу кезінде қолданылатын Банктің тарифтеріне сәйкес төлейді.

21.5. Клиент Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризм, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т.б. сияқты қылмыстық әрекеттерге және ақшаны жылыстату схемаларына тартылуын болдырмау бағытында белсенді жұмыс атқаратынын мойындайды және мұнымен келіседі. Банктің жұмыс істеу стандарттары Банктің абыройын сақтауға және қорғауға, сондай-ақ, Банктің адалдығына деген клиенттер білдіретін сенімнің кетірілуін болдырмауға бағытталған. Осыған орай, Банк, өз қалауы бойынша, Банк клиенттеріне және Банк клиенттері жүргізетін мәмілелерге және операцияларға қатысты мезгіл сайын өзгертілуі мүмкін белгілі бір талаптарды белгілейді. Осылайша, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес критерийлерді/негіздерді белгілей алады, олар бойынша Банк Клиенттің белгілі бір мәмілесін немесе операциясын әдеттегіден тыс операция (мәміле) ретінде анықтап, күдікті санатына жатқыза алады.

21.6. Баптардың орналасу тәртібі, баптардың атаулары және Шартта бар өзге де тақырыптар ыңғайлылық үшін қолданылған және Шарттың қандай да бір ережелеріне қатысты шектеулерді, сипаттамаларды немесе түсініктемелерді қамтымайды.

21.7. Шарт орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде құрастырылған. Шарттың мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері бір-біріне сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады. Қосылу туралы өтініш 2 (екі) данада Клиенттің қалауы бойынша орыс, қазақ немесе ағылшын тілдерінде құрастырылады.

21.8. Клиент жіберген төлем құжаты Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімдерде орындалады.

21.9. Шарт данасының Салым сомасын Шотқа аудару кезінде Клиенттің талабы бойынша оған табысталуы мүмкін. Клиент Шартта қарастырылған қызметтерден бөлек Банк көрсететін өзге қызметтерді алу ниетін білдірген жағдайда, тиісті қызметтерді көрсету жөніндегі жеке шарттарды жасасу, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған өзге талаптарды сақтау қажет.

21.10. Шарттың талаптарына сәйкес жіберілуі тиіс барлық хабарламалар Банктің қалауы бойынша Қосылу туралы өтініште белгіленген Клиенттің телефон нөміріне SMS-хабарламаны жіберу/«Интернет-банкинг» жүйесі/пошта/факс арқылы/электронды мекенжай бойынша немесе, қолданылуы жағдайында, Банктің Интернет-ресурсында жариялау арқылы жіберіледі.

## 22. БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

A26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй
БСН 920140000084
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дегі ЖСК KZ48125KZT1001300336
БСК TSESKZKA

Тел.: +7 7172 58 77 11 (Қазақстан Республикасының 16 қаласына арналған бірыңғай нөмір), 8 800 080 252 25 (қала телефондарынан тегін қоңырау шалу) немесе 7711 (мобильді телефондардан тегін қоңырау шалу)
Факс: +7 7172 77 01 95
E-mail: info@jusan.kz
Интернет-ресурс www.jusan.kz